



● ЖОЛДАУ: ӨСІМ, РЕФОРМА, ДАМУ

Болашақтың даңғыл жолы

— «100 НАҚТЫ ҚАДАМ»



*Облыс әкімі
Архимед Мұхамбетовтың
БАҚ өкілдеріне берген сұхбаты*

**Айбек КӘДІРҰЛЫ
Қыдырбек ҚИЫСҚАН**

Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді. Онда аймақ басшысы Елбасы белгілеп берген бес институционалды реформаны іске асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының астықты өңірде қалай жүзеге асып жатқандығын егжей-тегжейлі баяндап берді.

— Мемлекет басшысының бастамасымен қолға

алынған реформалар Қазақстанның саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінің барлық салаларын қамтиды. Мәселен, еліміздің индустрияландыру бағдарламаларын іске асыруды жалғастыратын «Индустрияландыру және экономикалық өсім» атты үшінші бағыт бойынша ауылшаруашылығы мен өңдеуші салаларға стратегиялық инвесторларды тарту жоспарланып отыр. Бұдан басқа, кеден және салық жүйелері бірімен бірі ықпалдастырылатын болады. Осындай қойылған міндеттерді іске асыру экономиканы тұрақтандыруға мүмкіндік береді, — деп атап

көрсетті өңір басшысы.

Архимед Бегежанұлы облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін жеке-жеке жіліктеп, жан-жақты талдау жасады. Әуелі ауылшаруашылығы туралы.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді тиімді пайдалану және нарықтық айналымға енгізу осы бағыттағы негізгі бөлімдердің бірі. Өйткені, біздің өңір әлмисақтан аграрлық аймақ.

2-бет.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● СҰРАҒЫМ БАР



Болашақтың даңғыл жолы — "100 НАҚТЫ ҚАДАМ"

Айбек КӘДІРҰЛЫ
Қыдырбек ҚИЫСҚАН

1-бет Жалпы, облыстағы ауыл шаруашылығы мақсатына жатқызылған жер көлемі 10,5 млн. гектарға (соның ішінде егістігі 6 млн. гектар шамасында) тең. Бүгінде соның 45 мың гектарын (соның ішінде егістігі — 19 мың гектар) ауылшаруашылығы тауар өндірушілері сатып алған.

Бірінші жарты жылдықта жалпы көлемі 316,8 мың гектар қосымша 257 жер телімін уақытша пайдалану құқығымен беру жөнінде 5 конкурс өткізу жоспарланыпты. Ал 1 шілдеден бастап мемлекет меншігіндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері аукцион арқылы сатыла бастайды.

Облыс әкімінің сөзінше, өңірде мүлікті заңдастыру жұмыстары да қарқын ала түскен. Жалпы сомасы 11 млрд. теңге болатын 5,7 мың нысанға 2 мыңнан астам өтініш қабылданыпты.

Осы кезге дейін жалпы сомасы 8,6 млрд. теңге болатын 66% нысан (немесе 3825 нысан) заңдастырылған.

Рас, атқарылған істен алда атқарар жұмыс ауқымдырақ. Оны түбегейлі шешу және бір күннің шаруасы емес. Сондықтан, облыс басшылығы өңірдің экономикалық ахуалын оңалту мақсатын бірінші кезекке қоюы тегін емес. Тарқатып айтсақ, экономиканың маңызды бір тетігі — стратегиялық инвесторлар тарту екендігі белгілі.

Өткен жылға қарағанда облыс экономикасына 16% инвестиция кем салынғанына қарамастан, 2016 жылы өсім қарқынын ұлғайтуға мүмкіндік тұмақ. Биылғы жылдың екі айының өзінде орташа республикалық көрсеткіш 4,1% болғанда, біздегі өсім 10,6%-ке жетті.

— Алдағы уақытта инвестиция тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болады. Онда инвесторлармен және трансұлттық компаниялармен бірлесіп инвестициялық климат пен өзара қарым-қатынасты жақсарту жөніндегі іс-шаралар көшені қарастырылмақ. Тобыл өңірінде мұндай келелі қадам бұған дейін де өз жемісін берген-тұғын. Мәселен, "СарыарқаАвтоПром" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі СМС, IVECO, PeugeotCitroen бірлесіп, автомобиль өнеркәсібін дамыту жөнінен 8 маңызды құжатқа қол қойды. Соған сәйкес, Қостанайда индустриалдық аймақ ашу жоспарланып отыр. Ол үшін ағымдағы жылдары республикалық бюджеттен екі млрд. теңгеден астам қаражат бөлінетін болады, ол шығарылатын автомобильдердің көлемін арттырып, оны 38%-дан 50%-ға дейін жеткізуге, 500-ден астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді, — деді Архимед Мұхамбетов журналистер алдында.

Индустрияландырудың екінші кезеңінде жеңіл, тоқыма және тамақ, пластик өндірісі сияқты салалар үшін индустриалдық аймақты күшейту есебінен өндірістік қуаттылықты ұлғайту көзделген.

Бұрын тек шикізат қана өндіріп келген Тобыл төсіне сырттан инвесторлар тарту арқылы ірі өндіріс ошақтары ел игілігіне айналмақ. Бұған сыртқы елдермен арадағы барыс-келіс едәуір ықпал етіп отырған тәрізді. Мәселен, Қазақстан-Қытай арасындағы екі жақты кездесу шеңберінде біздің облыста ыстық брикеттелген темір өндірісі зауытын, табиғи газды сұйылту кешенін салу жөніндегі жобаларды іске асыру туралы алдын ала уағдаластыққа қол жеткізілді.

Мұның сыртында зығыр майын және басқа да ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру, терең өңдеу және сату жобасы әзірленіп жатыр. Науырзым ауданында зығыр майын өсіру үшін 203 мың гектар жер телімі бөлініп, облыс орталығында зауыт құрылысына арналған жер бөлу мәселесі күн тәртібінде тұр.

Осы айдың аяғына таман облыс әкімі бастаған бір топ делегация Қытай Халық Республикасына барып, екі жақты іскерлік мәселелерді бірігіп талқыламақ. Ресейлік кәсіпкерлермен бірлесіп керамикалық плитка, жылыжай кешені өндірісі бойынша зауыт салу мен полиграфиялық өндіріс ашу жөніндегі жобалар да әзірленіп жатыр. Ресейдің өнеркәсібі дамыған өңірлерімен өзара іс-әрекетті одан әрі нығайту мақсатында біздің облыс делегациясының Татарстан Республикасына және Калуга облысына сапары жоспарланып отыр. Татарлар елінде автомобиль және ауылшаруашылығы көлігін жасауда, ет пен сүтті өңдеудегі заманауи технологияларда, сонымен қатар құс фабрикаларының жұмысын зерделеуде бәсекеге қабілетті өнімді шығару саласындағы екі жақты ынтымақтастық және тәжірибе алмасу мәселелері талқыланатын болады.

Ал Калугада автомобиль жасау саласындағы, бидайды, етті терең өңдеу, ауылшаруашылығы өнімдері мен жергілікті өндіріс азық-түлігін сату, тауар брендтерін ілгерілету, өнім өндірудегі заманауи технология мен ораудың жаңа түрлері бойынша тәжірибе алмасу жөнінде екі



жақты әріптестік мәселелері қаралады.

Соңғы жылдары өңірде ет өндірісі мен қайта өңдеу мәселелеріне көп көңіл бөлінеді.

Шикізат базасын нығайту және қайта өңделген өнімді экспортқа шығару мақсатында Ақтөбе, Қостанай, Батыс-Қазақстан облыстары мен Ауыл шаруашылығы министрілігі арасында етті бағыттағы мал шаруашылығын дамытудың өңіраралық кооперациясын құру туралы бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойылды.

Өткен жылы Қарабалық ауданының "Терра" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 3400 ірі қара малға арналған бірінші класты ірі бордақылау алаңы пайдалануға берілді. Меморандум шеңберінде Қарасу ауданының "Қараман-К" ЖШС мен Қамысты ауданының "Алтынсарин" ЖШС-ның бордақылау алаңдарының өндірістік қуаттылығын 1-деңгейге дейін көтеру белгіленді. Өңірде ет кластерін құру саланың инновациялық даму бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізуге, қолда бар жемдеу алаңдарын барынша жүктеуге (олардың облыстағы саны — 40), ет өндірісінің жоспарланған көлемін және ІҚМ еттің экспортты өлеуетін жылына 3000 тоннаға дейін, алдағы уақытта 5600 тоннаға жеткізуге нақты мүмкіндік береді.

Кластерді мемлекеттік қолдау мақсатында ағымдағы жылғы "Тобыл" ӘКК" АҚ арқылы 400 млн. теңге бөлу жоспарлануда. Оған қатысушыларды қаржылық ынталандыру мақсатында субсидияның 2,1 млрд. теңге сомасын өсімдік шаруашылығынан мал шаруашылығына беріледі.

Ішкі нарықты құс етімен қамтамасыз ету және жалпы тұтыну көлеміндегі импорт үлесін төмендету үшін ағымдағы жылдың екінші жарты жылдығында Қарабалық ауданының "Комсомол құс фабрикасы" АҚ-ды қалпына келтіру жоспарланған (2015 жылдың қорытындысы бойынша құс етінің импорты 12,2 мың тонна, 2016 жылдың басынан 3,0 мың тонна). Сондай-ақ, сүт өндіру және қайта өңдеу саласындағы технологиялық желісінің жаңғыртылуы да уақыт талабынан туындап отыр.

Өткен жылы Қостанай ауданының "Садчиковское" ЖШС-нде қуаттылығы тәулігіне 5 тонна өнім өндіруге қауқарлы цех пайдалануға берілді. Онда қаймақ, айран, иогурт шығарылады. Жобаның құны 210 млн. теңгеге бағаланды. Ал Рудный қаласындағы "Лидер-2010" ЖШС қуаттылығы жылына 6,8 мың тонна сүт және қышқыл сүт өнімін өндіру жөніндегі желісін іске қосты. Оған 1 млрд. 250 млн. теңге жұмсалған.

Қостанай, Лисаков, Жітіқара қалаларының және Запобол кентінің жылу және сумен жабдықтау жүйелерін несиелеуге арналған дағдарысқа қарсы қосымша шаралар шеңберінде қосымша 3,7 млрд. теңге бөлінді.

Сонымен қатар, бюджеттен тыс қаржыландыру көздері есебінен инженерлік жүйелерді жаңғыртуды қамтамасыз ету міндеті тұр. Осыған байланысты Еуропалық Қайта құру және Даму Банкімен ынтымақтасу шеңберінде жалпы сомасы 9,3 млрд. теңгеге жуық жобаларды іске

асыру жоспарланып отыр. Оның ішінде "Қостанай жылу-энергетикалық компаниясы" МКК-нің жылумен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуға — 6,1 млрд. теңге және "Қостанай-Су" МКК-нің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғыртуға — 3,2 млрд. теңге бөлінетін болады.

Облыс халқын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселені тиімді шешу үшін "ҰБХ "Бәйтерек" АҚ-мен тұрғын үйлерді салған кезде ынтымақтасу туралы меморандумға қол қойылды. "Әуежай" шағын ауданында жалпы көлемі 82,5 мың шаршы метр үй салу үшін жер телімдерін бөлу мәселесі пысықталды. Яғни, бұл 1800-ге жуық отбасы көп ұзамай жаңа баспанаға қол жеткізеді деген сөз.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік принциптерінің негізінде облыстағы тұрғын үй құрылысына 2,2 млрд. теңге инвестиция салуды көздеген "Еуразиялық топ" ЖШС-мен Меморандумға қол қойылды. Аталған қаражаттың есебінен 2 тұрғын үй мен жалпы көлемі 14 мың шаршы метр 2 жатақхананы пайдалануға беріледі. Соның арқасында "ССКӨБ" және "Алюминий Казахстана" кәсіпорындары орналасқан Рудный, Лисаков қалаларының және Қашар кентіндегі 250-ден аса отбасы тиімді шарттың негізінде тұрғын үйге ие болу мүмкіндігі туып тұр. Дағдарысқа қарсы қосымша шаралар шеңберінде Үкімет тұрғын үйлерге инженерлік инфрақұрылымды салуға Ұлттық қордан "Самұрық-Қазына" АҚ арқылы 2 млрд. теңге шамасында қаражат бөліңді.

"Қазақстандық ипотекалық компания" АҚ-ның бағдарламасы бойынша 2016 жылы 1,5 млрд. теңгеге облыс орталығындағы "Әуежай" шағын ауданында және Герцен көшесінде 198 пәтерлік 2 тұрғын үйдің құрылысы бой көтеретін болады. Мұның сыртында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік принциптерінің негізінде "Байтерек девелопмент" АҚ жалпы құны 6,6 млрд. теңгеге жалпы көлемі 43,8 мың шаршы метр тұрғын үйді салып бермекші.

Облыста "ҰБХ "Бәйтерек" АҚ-ның облигацияларын шығару арқылы "ҚТҚЖБ" АҚ салымшылары үшін кредиттік тұрғын үйдің құрылысы жүзеге асырылатын болады. Аталған бағыт бойынша 3 млрд. теңге сомада қаражат бөлінеді, бұл 37 мың шаршы метрді пайдалануға енгізуге мүмкіндік береді.

Жалпы, аталған шағын аудандарда 470 мың шаршы метр пайдалануға енгізіледі. Бұл — 7,5 мыңнан астам пәтер. Сондай-ақ, тек тұрғын үйлер ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі мекемелер, жалпы білім беру мектептер, паркінгтер, саябақтар салынатын болады.

Жалпы, Қостанай облысы бойынша 2016 жылы "Қолжетімді баспана" бағдарламасы және "Байтерек девелопмент" АҚ желісі бойынша жалпы көлемі 117 мың шаршы метр 1978 пәтері бар 28 үй салу жоспарланған.

Қазіргі заманғы экономикаға көліктік инфрақұрылым бірталай әсер етеді. Осыған байланысты оның дамуына қомақты қаржы жұмсалады.

Мәселен, 2016 жылы 18,9 млрд. теңгенің жұмыстарын атқару көзделсе, оның 7 млрд. теңгесі Қостанай қаласына беріледі. Бұл қаржыға облыс орталығындағы 7 көшенің жолы жөнделетін болады. Оның жалпы ұзындығы 14 шақырымнан асады.

Бұрын асфальт төселмеген 16 көшені ресайклирлеу әдісін қолдана отырып және топырақты бекіте отырып, орта жөндеуді жүргізу жоспарланған.

Жалпы, аталған саладағы проблемаларды шешу үшін "ҚазАвтоЖол" Ұлттық компаниясы" АҚ-мен келіссөздер жүргізілді және облыс әкімдігі мен "ҚазАвтоЖол" Ұлттық компаниясы" АҚ-ның арасында 2016 жылға арналған Қостанай облысының республикалық маңызы бар автожолдарды жөндеу, қалпына келтіру бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалынды.

Сметалық құны 3 млрд. теңгеге бағаланған Таран көшесінің бойындағы Тобыл өзені арқылы өтетін көпірді қайта қалпына келтіру аяқталатын болады.

Қамысты ауданынан Рудный қаласына дейін "Қарабұтақ-Денисов-Рудный-Қостанай" автожолының ұзындығы 154 км бөлігін қалпына келтіру үшін техникалық-экономикалық негіздеме әзірленіп жатыр.

Облыс басшысы өз сөзінде жұмыссыздыққа қарсы күрес, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселелері туралы да жан-жақты айтып берді.

Жұмыссыздық дегеннен шығады, "Жұмыспен қамтудың жол картасы" бағдарламасы бойынша әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін 2016 жылы 4,8 млрд. теңге, оның ішінде әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жөндеу арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша 1 бағытқа — 2,7 млрд. теңге, шағын кредиттеуге — 1,4 млрд. теңге, жұмысқа орналасуда қамтамасыз ету және ықпал етуге — 413 млн. теңге бөлініпті.

Ауылдық жерлерде өз кәсібін ашқысы келетін тұрғын-

Болашақтың даңғыл жолы — "100 НАҚТЫ ҚАДАМ"

дарға шағын несиелер беру мәселесі де жыл озған сайын орныға түскен. Бұл қаражат бірінші кезекте етті бағыттағы мал өсіру, сондай-ақ ет пен сүтті қайта өңдеуге арналған шағын фермаларды құруға берілетін болады. Қосымша шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін моноқалаларда, ауылдық жерлерде шағын несиелеуге "Атамекен" ҰКП, "Даму" кәсіпкерлік қоры қаржылық ресурстары және облыс әкімдігі 1,6 млрд. теңге көлемінде тартылмақ. "Бизнестің жол картасы" арқылы бұл мақсатқа 169 млн. теңге қарастырылған.

Жалпы, үстіміздегі жылы шаруаларға көмек ретінде ұсынылған шағын несиенің жалпы сомасы биылғы жылы 3,2 млрд. теңгеге жетті, — деді өз сөзінде облыс әкімі.

Астықты өңірге әкім боп тағайындалғалы бері алты ай өткен Архимед Мұхамбетов одан әрі журналистердің қойған сұрақтарына жауап берді. Біз төменде солардың ең маңызды делінген тұстарын оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.

* * *

— **Ресейлік "Полиметалл" тау-кен өндірісі өңіріміздегі қуаттылығын арттыруда. Осының аймақ әлеуетіне тиімділігі жөнінде білгіміз келеді.**

— "Полиметалл" — танымал компания. Басшыларымен бірнеше рет кездесу өткізгенмін. Қазір Қазан қаласына жұмыс сапарымен бара жатырмын. Осы жолда "Полиметалл" кәсіпорнының басшылығымен тағы бір мәрте кездесіп, екі жақты әріптестік пен жұмыс жоспары жөнінде талқыламақпыз. Қазір біздің ұсынысымызбен олардың қызмет түрлері ауқым алып барады. Атап айтсақ, Жітіқара ауданында орналасқан "Комаров" алтын кен орнын игеру жөнінде "Полиметалл" мен "ҚазЦинк" компаниялары арасындағы келісім-шарт аяқталуға жақын. Ресейлік кәсіпорын аймағымыздағы алтынның шығымы мол жерін қазуға мүмкіндік алмақ. Мұның сыртында, көрші елдің кәсіпорнының біздегі "Варварин" кен орнында қазба байлықты өңдеу өндірісі бар. Ол жақтан Ресейге жол жақын әрі логистикалық құрылымы оңтайлы. Сол себепті, бұл компанияның облысымызбен жасап жатқан әріптестігін жоғары бағалаймыз.

— **Ираннан біздің өңірімізге, ал біздің өңірімізден Парсы еліне делегация барыс-келісі болып, бірқатар келісімдерге келдік. Жалпы, иран кәсіпкерлері біздің өңірдің қай саласына көбірек қызығушылық танытып отыр?**

— Иран елінен өңірімізге келген алғашқы делегациясының құрамы аз адам болды. Алдағы уақытта олар үлкен топпен келмекші. Ол жақтан әзірге екі компания бізбен әріптестік орнатуға ниетті. Компаниялардың біреуі бидай өсіруді қолға алмақшы. Біз заң тұрғысынан олар игеретін егістік аумағын қарастыруымыз керек. Қажет болса, мемлекеттік байқау негізінде шешімін табады. Кәсіпорын бидаймен қоса, майлы дақыл өсіруге де құлық танытып отыр. Ал ирандық екінші компаниямен Жітіқара қаласында соя майын шығаратын зауыт салу туралы келісімге қол қойдық. Жобалық-сметалық құжат дайын болғанда, біздің тарап 80-100 млн. теңге көлемінде қаржыландырамыз. Ал зауыттың негізгі құрылысын Парсы елінің компаниясы 5 млн. АҚШ доллары немесе қазіргі бағаммен 1,5 млрд. астам теңгеге салуды жоспарлап отыр. Қазір ирандықтар Қамысты, Жітіқара аудандарынан жер телімдерін алып, оны өңдеумен айналысуда.

— **Мекемелерді, кәсіпорындарды жекешелендіру жөнінде айтып берсеңіз. Облысымызда мемлекеттік маңызы бар мекемелер бірнеше рет саудаға қойылды. Оларды сатып алатындар аз. Осы мәселе қалай шешімін таппақ?**

— Бұған дейін облысымызда 25 нысан саудаға қойылған болса, олардың 17-сі жекешеленді. Қалған нысандардың заңға сәйкес қайтадан бағасын қоямыз. Әрине, бірнеше рет саудаға қойылып, сатып алушылар болмаған соң, оларға сұраныс аз деген сөз. Сол себепті, мекеме-кәсіпорындардың бағасын арзандатуымызға тура келеді.

— **Өңіріміздің Қостанай және Жітіқара қалаларында индустриялық аймақтар құру жобаларының қолға алынғанына бірнеше жыл болса да, бұл іс ілгері баспай тұр. Әсіресе, инвесторлардың Жітіқарадағы кешенге қызығушылығы жоқ деуге болады. Алдағы уақытта осы мәселенің түйіні қалай шешілмек? Және облыс орталығындағы индустриалдық аймақтың келешегі жайында айтып берсеңіз.**

— Жітіқара қаласына жұмыс сапарымен барған кезімде, индустриялық аймақпен танысқан болатынмын. Өздеріңіз білесіздер, бұған дейін де айтылғандай, бұл нысан құрылысына 400 млн. теңге бөлінген болса, оның игерілмеген 100 млн. теңгесі қалды. Жалпы ол жерге баратын жол мен аумағын абаттандыру жұмыстарына 80 млн. теңге қаражат жетпей тұр. Сол жағынан жұмыс-



тар жасалуда. Тағы бір мәселе — индустриялық аймақ темір жолдан алыс орналасқан. Осы жағдай кәсіпкерлер мен инвесторлар тартуға қиындық тудырып жатқаны рас. Ал күре жолға дейін шойын жол тартуға миллиардтаған қыруар қаражат қажет. Дегенмен қазір аудан әкімдігі осы түйткілді оңтайлы шешу мақсатында бірнеше жоба әзірлеп отыр. Оның тиімділігін алда көретін боламыз. Қостанай қаласындағы индустриялық аймаққа келетін болсақ, оның орналасатын аумағы белгілі. Алдағы 1,5 жылда аталған алып құрылысты аяқтаймыз деп отырмыз. Әкімшілік ғимараттар, қонақ үй болады. Ең бастысы, автокөлік кластерін дамыту мақсатында ең кемі 5-6 кәсіпорын топтастырылатын болады. Бұл құрылыстың бірінші кезеңіне кіреді. Екінші кезеңінде құрылыс заттарын шығаратын, өндірістің басқа да салалары жағынан жаңа кәсіпорындар ашу жоспарланған.

— **Биыл қар тазалау жұмыстары сын көтермеді. Және көктемгі қар суының еруінен өңіріміздің Меңдіқара, Қостанай аудандарының бірнеше күре жолдарын судың екпіні шайып, жырып кетті. Енді осы бүлінген жолдар қашан жөнделеді? Оған қаражат қайдан алынады?**

— Үстіміздегі жылы қар бұрынғы жылдардан әлденеше есе көп жауды. Қыстың күні техниканың аздығынан, кейбірінің ескіруінен қарды дер кезінде тазалай алмағанымызды мойындаймыз. Бірақ бұл бізге сабақ болды және алдағы қыста осындай кемшілікке жол бермеуді қарастырамыз. Ол үшін жаңадан техника сатып алуға 100 млн. теңге қаржы қарастырылмақ. Ал көктемдегі қарғын судың жолдарды жырып кеткені, ауылды жерлердегі, қала маңындағы үйлерге жеткені жайында үнемі хабардар болып отырмын. Барлығы жеке бақылауымда. Жолдарды қалпына келтіруге келсек, кейбір аумақтарда қауіптің алдын алу үшін жолдарды өзіміз жырып, суды екінші жағына өткізіп отырдық. Алдағы бір-екі аптаның ішінде аталған аумақтардағы жолдардың барлығы қайтадан уақытша қалпына келтіріледі. Ал күн жылынғасын, мемлекеттік байқау өткізіп, жолдардың астынан су өтетін құбырлар төселеді, кейбір аумақтарға шағын көпірлер салынады.

— **Биыл өңіріміздің ауылдарына көгілдір отын тарту, ауыз сумен қамту жұмыстары қалай жалғаспақ?**

— Қазір "ҚазТрансГаз" және "ҚазТрансАймақ" компанияларымен меморандумға қол қойып отырмыз. Келісім бойынша алдағы екі-үш жылда облысымызға шамамен 10 млрд. теңге қаражат бөлінеді. Қазір жобалық-сметалық құжат әзірену үстінде. Бұған дейін де айтқанымыздай, Федоров ауданының орталығы, Аманқарағай, Қашар, Рудный қаласының бірнеше кварталы және тағы бірқатар елдімекендер көгілдір отынмен қамтылады. Сол кезде аймақ тұрғындарының 65% газ тұтынатын болады. Ал ауыз су мәселесі қиындық тудырып отыр. Себебі, биыл "Ақбұлақ" мемлекеттік бағдарламасы бойынша мемлекет тарапынан қаражат бөлінген жоқ. Бірақ алдағы уақытта жағдай қалыпқа келген соң елдімекендерді ауыз

сумен қамту жұмыстары жалғасын таппақ деген сенімдемін.

— **Облыс орталығындағы мешіт құрылысы бірнеше жылдан бері тоқтап тұр. Осы нысанды аяқтауға қаржы қарастырылып жатыр ма, құрылыс қашан бітеді?**

— Соңғы төрт-бес жылдың алдында ғибадат үйінің құрылысы тоқтап қалған. Сол уақытқа дейін құлшылық ошағының 30% жұмысы ғана жасалған екен. Яғни, сырты ғана қаланған. Ал нағыз ақтау-сырлау, сәндеу, жабықтау жұмыстары әлі алда. Қазір осы істі қолға алдық. Мәселе мешіт санын көбейту емес. Шындығына келсек, облыстық Марал Ишан және қалалық мешітке айт және жұма намаздары кезінде халық сыймай кетеді екен. Сол себепті, биылғы жыл соңына дейін жаңа мешіттің құрылысы 90% аяқталуы керек.

— **"Біздің қала" қорының бұдан кейінгі тағдыры қалай болады? Қор сақталып қала ма? Әлде бұдан кейін де өткізілетін тендерлерден 10% "сыйақы" жекенің қалтасына кетіп отыра ма?**

— Бұл сауалға қазір жауап беру қиын. "Біздің қала" қоры 10 жылдан астам қызмет етіп келеді екен. Бастапқыда 12 құрылтайшы болыпты, кейін алтауы қалған. Қордың мүшелігіндегі кәсіпкерлер әкімдікпен әріптестікте болған. Бұл қордағы ақша — бюджеттік емес, жеке адамдар салған қаражат. Егер ол бюджет қаржысы болғанда, біз оны заң жүзінде қайтарып алар едік. Және бір естуімше, аталған қор мүшелері ондағы ақшаның ұрлануына қатысты құқық қорғау органдарына арыз жазудан бас тартқан. Ал "сыйақы" мәселесіне келсек, онымен құқық қорғау органдары айналысуы керек. Қазір тергеу аяқталуға жақын деп естідік. Сондықтан алда бұл жайында айтылатын болады.

Ал 2016 жылы жаңадан келісім-шарт арқылы "Еуразиялық топ" ЖШС-мен жасақан меморандум бойынша аударылған 1,3 млрд. теңге ешкімге құпия емес. Қаражат бюджетке келіп түседі. Айталық, орталық стадион 2002 жылдан бері жөндеу көрмеген. Осыны қалпына келтіру үшін бюджетке қаражат келіп түседі. Заң шеңберінде тендер өткізіледі. Байқау жеңімпазы анықталады. Ал біз қаржының қалай жұмсалғанын қадағалап отырамыз. Сол себепті, ешқандай қор арқылы емес, заң жүзінде бюджет арқылы жұмсалатын болады.

— **Торғай өңірінің әлеуеті жайында айтып берсеңіз.**

— Қазір Арқалық аймағы, Жанкелдин және Аманкелді аудандарында 60-70 мың адам бар. Ол жақта ауыл шаруашылығына басым бағыт беріліп отыр. Кәсіпкерлерге шағын несиелер беру жоспарымызда бар. Түсіндіру жұмыстарын орынбасарым С.Карплюкке тапсырдым. "Атамекен" ұлттық палатасы да бұл науқанға жұмылады. Ал Арқалық қаласындағы боксит кені, құс фабрикасы қатарлы ірі кәсіпорындарды, шағын бизнесті бұдан әрі қолдауға әзірміз.

— **Өңірімізде Қостанай қаласының әкімі мен орынбасарлары, кәсіпкерлер бар атышулы қылмыстық іс аяқталды. Бұл жайында БАҚ беттерінде ашық айтылды. Сіз облыс басшысы ретінде қарамағыңызда қызмет ететіндердің жоғарыдағыдай қылмысқа баруының алдын алу үшін не істеу керек деп ойлайсыз?**

— Қазір өңірімізде жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық комиссия, елге белгілі азаматтардан құралған қоғамдық кеңес жұмыс істеп тұр. "Нұр Отан" партиясы, басқа да ұйымдар жұмылдырылған. Мен барлық аудан-қала әкімдеріне парақорлықты болдырмау туралы тапсырма бердім. Ол қатаң бақылауда. Сондай-ақ, мемлекеттік байқаудың ашық түрде өтуі назарымызда. Облысымыздағы мемлекеттік қызметшілердің барлығын танымайтынымды мойындаймын. Бірақ жемқорлыққа қатысты кез келген іске іліккендер анықталса, оларды бірден жұмыстан босатамыз. Менің мынадай тәжірибем бар — егер мемлекеттік қызметкер бір орында 5 жылдан артық отырып қалса, оны басқа қызметке ауыстырып отырамын.

— **Сіздің хоббиіңіз бар ма? Қандай да бір спорттық федерацияны басқарасыз ба? Естуімізше, сіз БАҚ өкілдеріңіз футболға жалғыз баратын әкім екенсіз.**

— Уақытымның көбі жұмысқа кетеді. Ал негізінен шахмат ойнаймын. 1986 жылы, ол кезде баламын, Қостанайда шахматтан республикалық турнир өтіп, сонда қатысқаным бар. Байқауға қатысуға келгендер интернатта жаттық. Қазір сол кезде ойнаған балалардың кейбірі Ресейге, кейбірі Германияға кетіп қалды. Осында шахмат федерациясына "Құрметті президент" болуыма ұсыныс жасалғанда, келісуіме тура келді. Футбол да ойнадым. Өз басым спорттың бар түрін қолдаймын.

СУРЕТТЕРДЕ: залдан көріністер.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Тұрақтылық теңгеге тәуелді

**Жұматай
КӘКІМЖАНОВ**

Қазақстандықтардың валютаға деген көзқарасы өзгеруде. Жағымды жаңалықты еліміздің Ұлттық банкі таратуда. Қаржы орталығы көлтірген ақпаратқа қарағанда, соңғы он жылдың ішінде алғаш рет, отандастарымыз АҚШ долларынан барынша арылуға тырысыпты. Сәйкесінше, теңгені саудалағандардың қатары қалыңдай түскен. Қаржы нарығындағы көңілге қонымды өзгерістің орын алуына жыл басында күшіне енгізілген заңның себепкер болғанын айта кеткен абзал. Теңгелік депозиттердің үстемақысын көбейтіп, долларлық салымды барынша ықшамдау, еліміздегі сауда-саттықтың барлығын да ұлттық ақшаға бейімдеу – айтулы заң аясында қолға алынған өзгерістердің басы ғана.

Мұнай бағасының тұрақтануы да, төл теңгенің беделін арттырды. Жылдың басында ғана 350 теңгеге дейін көтерілген АҚШ долларын дәл қазір 334 теңгеге сатып алуға болады. "Investing.com" ақпарат порталының хабарлауынша, теңгенің тұрақтануына себепкер болған мұнайдың бренд маркасы дәл қазір 42,7 АҚШ долларынан саудаға салынуда. Сұраныстың ұлғаюына байланысты, мұнай экспорттаушы мемлекеттер ұйымы наурыз айында мұнай өндірісін тәулігіне 32,38 млн. баррельге дейін көбейтті. Бұл ақпан айымен салыстырғанда 40 мың баррельге артық.

Халықаралық сарапшылардың хабарлауынша, оған себеп болған Иранның өндірісті арттыруы. Иранның наурызда өндірген мұнай көлемі – тәулігіне 3,23 млн. баррель. Бұл ақпан айымен салыстырғанда 110 мың баррельге артық. Өз кезегінде Үнді және Оңтүстік Кореялық мұнай өңдеу зауыттары Иран мұнайына тапсырысты арттыруда. Сонымен қатар, Ресейдің "Лукойл", Францияның Total SA және испандық Сепса компаниялары да тапсырысты ұлғайтқан. Ирак пен Анголадағы мұнай өндірісі де тәулігіне 30 мың баррельге көбейді. Ал Ливия, БАӘ, Нигерия мен Венесуэла керісінше, өндірісті азайтқан. Еліміздегі шикізат өндірісі өзін сол қалпында сақталған.

Қазақстанда көптеп өндірілетін қара алтын құны өскен сайын, теңгенің де тұғырланатыны



анық. Дей тұрғанмен, әлемдік сарапшылар мұнай бағасының бұдан әріге көтерілмейтінін алға тартуда. Осыған сай сараптама жүргізген Дүниежүзілік банк еліміздің 2016 жылғы экономикалық өсімі 0,1% деңгейінде болады деген болжам жасауда.

"Қазақстан жалпы ішкі өсім деңгейі 2015 жылғы 1,2 пайыздан 2016 жылы 0,1 пайызға дейін төмендейді. Оған себеп шикізат құнының төмендеуі мен оған ішкі және сыртқы сұраныстың азаюы. Ал 2017-2018 жылдары мұнай қымбаттайтын болса, жалпы ішкі өнім көлемі де өсе түспек", – делінген айтулы ұйым баяндамасында.

Банктің болжамынша, биыл елімізде инфляция көлемі тым жоғары. "2016 жылы теңгенің инфляциясы өзінің рекордтық көрсеткішіне жетіп, жыл соңына дейін тұтыну тауарлары 13,7% қымбаттайды", – делінген. "Аталған жорамал биыл мұнай бағасы барреліне 37 доллар болады деген болжамға сүйеніп жасалған. Жыл соңына дейін ішкі нарықтағы жағдай қалыпқа келуі екіталай", – деп қорытындылайды Дүниежүзілік банк баяндамасын.

Қос бүйірден қысқан қаржы дағдарысында мұндай болжамды жоққа шығара алмайсыз. Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған "Жүз нақты қадамның" күшімен, бұл қиындықты да еңсеріміз анық. Ең бастысы, төл теңгемізге деген сенімді нығайтып, өзге валюталарға деген бағыныштылықты барынша сейілту қажет. Қарапайым ғана мысал, рубльдері 5 теңгеден 2,3 теңгеге дейін арзандағанда да, көршілеріміз өзге валютаға бет бұрған жоқ. Халықтың төл қаржысына деген сенімі – ішкі тұрақтылықты сақтап қалды. Ендеше, бізге де теңгенің тұрақтанғаны қажет.

● ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Күн тәртібінде – ТАЗАЛЫҚ

**Ермекбай
ХАСЕНОВ**

Қар ери бастасымен-ақ Қостанай қаласының көшелерін тазалау қолға алынды. Мәселен, 9 сәуірде күннің ашықтығы пайдаланылды. Қала әкімі Базыл Жақыпов тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің және мердігерлік ұйымдар басшылары алдына қатаң түрде тапсырма берді.

Сенбі, жексенбі күндері сегіз бригада шұғыл түрдегі шаруаларды атқарды. "АБЗ плюс", "Вескор", "BAI", "Арвис", "Таза жол" және басқа да серіктестіктер Абай даңғылында, Баймағамбетов, Алтынсарин көшелерінде және қаланың орталық аумақтарында жұмыс істеді. Олар көше жолдарының ойылып қалған тұстарын тегістеді.

Айта кетейік, қар суы толықтай ағып кете қоймағандықтан, асфальт қоспасын шұңқырланған жерлерге төсеу тиімсіз. Сол себептен мамандар асфальттың орнына төсемтастарды пайдаланды. Мұның өзі автокөліктердің жүруіне ыңғайлы болды.

Бүгінгі күндері де белгіленген шаралар жалғасын табуда. Бородин, Красносельская, Лермонтов, Маяковский көшелерінде жұмыс қызууда.

Бұған қосымша жол қозғалысы белгілері, жолдың шетіндегі темір қоршаулар тазаланды. Қыс



айларында көктайғақ жиілегендіктен тротуарлардың үстіне, автобус аялдамаларына құм шашылғаны есімізде. Соның салдарынан тротуарлар, аялдамалар ластанды. Бұларды жұмысшылар күрекпен қырып алды. Қол жұмысы үлгірмеген жерлерді механикалық сыпыру жұмысы атқарды.

Ауа райының құбылуына байланысты өткен аптаның бейсенбісі мен жұма күні дәстүрлі сенбілік ұйымдастырылмады. Сол себептен сәуірдің 14 және 15 күндері санитарлық тазалық күні деп хабарланды.

Мердігерлік ұйымдар қыста күн сайын көшелерді қардан арылтқан болатын. Олар көктем туа сала кідіріс жасамады. Кварталаралық тұстар тазалануда. Бұлардан "ПКСК", "КСК"-лардың да үлгі алғаны дұрыс. Тұрғын

үйлердің аулаларының қоқысын тасымалдауды ұйымдастыру керек.

16 сәуір күні "Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні" акциясына сай облыс орталығында бұқаралық көгалдандыру шарасы өткізілетіні белгілі. Облыс әкімдігі аппаратының қызметкерлері орталық саябақта көшеттерді отырғызады.

Сонымен қатар, Байтұрсынов, Пушкин көшелерінде Қостанай қаласы әкімдігінің ұжымы жасылдандырумен айналыспақ. Жеңіс паркінде білім беру саласының адамдары жұмыс істемек.

Жоғары оқу орындары және басқа да ұйымдар мен кәсіпорындар өздеріне бекітілген аймақта ағаштар егеді.

СУРЕТТЕ: көшені тазарту сәті.

Тобыл - Торғай ТЫНЫСЫ

Өндіріс ошағы іске қосылды

Рудный. "ССКӨБ" АҚ металл өңдеу зауыты алғашқы өнімін шығарды. Өндіріс ошағының құймасы алюминий жасауда қолданылады. Тобыл өңірінде құйылған қалыптарды Павлодар зауыты кәдесіне жаратпақ ниетте. Отандық өнім Қытайдан әкелінетін қалыптан екі есеге арзанға шығады. Бұған дейін 24 тоннаға тапсырыс берген өңдеу зауыты "ССКӨБ" АҚ байланысын одан әрі жандандырмақшы.

Қостанайлықтар көлік алмайды

Облыста. Қазақстан автобизнес Ассоциациясы таратқан ақпаратқа жүгінер болсақ, көлік қоймаларында 4,5 мыңнан астам су жаңа темір тұлпар иелерін таппай қаңтарылып тұр. Отандастарымыздың көліктерін жаңартуына жылдың басында қолданысқа енгізілген жаңа салық заңы кесірін тигізуде. Заңға сай, 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін құрастырылған көліктердің барлығына да алғашқы тіркеу салығы салынады. Қомақты салық қостанайлықтардың да көлік алу құштарлығын су сепкендай басқан.

Коммуналдық қызмет біріктірілді

Қостанай қ. Көгілдір отын, коқыс шығару және телеоператор қызметтерінің түбіртектері біріктірілді. Облыс орталығының коммуналдық қызметтері бірегей жүйе бойынша бір есеп-шот арқылы өтем қабылдайды. Айтулы жоба былтырғы жылдың қарашасында қолға алынған болатын. Тұтынушыға қолайлы жобаны жүзеге асырушылар өзге де коммуналдық қызметтерді жұмылдыруды жоспарлап отыр.

Өлімнің өтеуі – 4,5 жыл

Жігітқара. Жаңа жыл кешінен кейін, ішімдікке сылқия тойып, көлік басқарған 34 жастағы Виктор Четырбок көмелет жасына толмаған екі қызды қағып кеткен еді. Жеткіншектердің бірі сол арада мерт болды. Енді бірі ауыр жарақат алған болатын. Айтулы істі қараған аудандық сот Виктор Четырбокты 4,5 жылға бас бостандығынан айырды. Сондай-ақ, жапа шеккен тарапқа 900 мың теңге материалдық, 1,5 млн. теңге моральдық ақы төлеуді міндеттеді.

Күн ысиды

Облыста. Осы күндері елімізде күн күрт ысиды. Қазгидромет таратқан ақпаратқа жүгінер болсақ, ауа температурасы орташа алғанда 20-25 градусқа дейін көтеріледі. Оңтүстік өңірлерде 31 градусқа дейін барады деген болжам бар. Ал, Қостанай облысында +18 градусқа дейін жылынбақ. Облыс орталығында ауа температурасы +20 градуста тұрақтайды. Жауын-шашын болмайды.

Самбодан сан қырынан танылды

Арқалық. Жастар арасында самбо күресінен Қостанай облысының чемпионаты болып өтті. Облыс орталығында өткен спорттық додаға Арқалықтан 11 бала қатысып, басым көпшілігі жүлдемен оралды. Самбо күресінің бапкері М.Абдуантовтың мәлімдеуінше, облыстық чемпионатта үздік деп танылғандар Орал қаласында өтетін Қазақстан Республикасының чемпионатына жолдама алды.

Спартакиада аяқталды

Қарабалық. Наурыз айында басталған мекемелер мен ұйымдар арасындағы дәстүрлі спартакиада аяқталды. Спорттың бірнеше түрінен тоғыз команда бақ пен бап сынасты. Айтулы бәсекеде кәсіпкерлер командасы 1-орын иеленді. 2-жұлдеге №1 орта мектеп ұжымы лайық деп танылса, шекара қызметкерлері үшінші тұғырдан көрінді.

● МӘСЕЛЕ

Қазір қаламен бірге ауылдық жерлерде көліктің саны көп. Әсіресе, былтыр Ресейде бағаның төмендеуі кезінде көршінің көлігін сатып алғандар қаншама. Жүргізуші куәлігін алушылардың да қатары артқан. Еліміздегі соңғы жаңалықтардың бірі дәл осы жүргізуші куәлігіне қатысты. Бұдан былай Қазақстан Республикасының азаматтары автомектепте оқымай-ақ куәлік алуы мүмкін. Бұл дұрыс па, бұрыс па? Қоғамдық пікір қандай? Емтиханға өзіміз дайындалып, тест тапсыруға әзірміз бе? Осы аталған сауалдарға жауап іздеп көрдік.



КӨЛІККЕ ӘРКІМ ҚҰМАР-АЙ...

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

"В" категориялы көлікті басқаруға арналған жүргізуші куәлігі 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының кез келген азаматына беріледі. Ал "А" категориялы көліктің руліне 16 жастан бастап отыра береді. Мұндағы "А" категориясына мотоцикл, мотороллер және басқадай мотокөлік құралдары, "В" категориясына толық салмағы

геніңізді табасыз. Ендеше үйде отырып-ақ жолда жүру ережелерін оқып, үйренуге болады. Автомектепке барып уақыт өткізіп, артық ақша жұмсамайсыз. ҚР ІІМ министрінің орынбасары жариялаған бұл ереже нақты бекітілген жоқ. Тиісті органдарда қаралып жатыр.

Жаңа ереже туралы қостанайлықтардың пікірі әр алуан. Мәселен, қала тұрғыны Ғылымхан Сәрсенбаев – тәжірибелі жүргізуші. Оның көлік жүргізгеніне биыл 33 жыл. 18 жасқа толғанда жүргізуші куәлігін алған болатын. Қазіргі уақытта "Toyota Corolla" маркалы жеңіл көлікті мініп жүр.

– Автомектепте оқымай емтихан тапсырудың екі жағы бар. Жолда жүру ережесін білетін адамдарға ыңғайлы. Бірақ, әйелдерге қиын болады деп ойлаймын. Себебі, әйел адамдар көлік жүргізуді дұрыс білмейді, ережені жиі бұзады. Тіпті көлікті автотұраққа дұрыс қоймайды. Мұндай оқиғаларды күн сайын көреміз. Сондықтан әйелдердің көлік жүргізгеніне қарсымын. Қазір заң қатайды. Жол бойында бейнебақылаулар бар. Тәртіп бұзсаңыз, түсіріп алады. Нәтижесінде айыппұл төлейсіз. Мемлекет заңды күшейтіп, жүргізушілерді тәрбиелеп жатыр. Ол да дұрыс, – дейді қала тұрғыны Ғылымхан Сәрсенбаев.

Көлік жүргізуге қыз-келіншектер де құмар. Бұған дейін Алматы, Өскемен, Ақтөбе қалаларында көлік жүргізетін қыздар арасында байқау өтті. Бұл туралы еліміздегі телеарналарда көрсетіліп, сайттарда жазылды. Көлік жүргізуге Қостанайлық қыздар да кет әрі емес.

**Алмагүл БАТЫРБЕКОВА,
ҚМУ-дың 2-курс студенті:**



– Көлік жүргізуді енді үйреніп жүрмін. Әзірге, жүргізуші куәлігін алғаным жоқ. Оқуымды бітіріп, көлік сатып алуға жағдайым келгенде ғана куәлік алатын шығармын. Өз басым көлік жүргізуге қатты құмармын. Toyota RAV4, Lada Priora сияқты көліктер ұнайды. Қыз баланың көлік айдауына қарсы емеспін, қолдаймын. Бірақ жолда жүру ережесін білу керек. Тәртіп бұзғанша жаяу жүрген артық. Сондықтан автомектепте оқымай куәлік алуға болады деген ойға қарсымын. Оның кесірінен жол апаты болуы мүмкін.

**Динара КҮНІКЕЕВА,
ҚМПИ-дың 3-курс студенті:**

– Әкем көлік сатып алып беремін деді. Сондықтан, қазір "Руслан" деген автомектепте оқып жатырмын. Екі айдан кейін курсты бітіремін. Аптасына екі рет, сейсенбі, бейсенбі күндері оқуға барамын. Сабақ кешкі алты мен сегіздің аралығында болады. Институттағы оқуыма ешқандай кедергісі жоқ. Автомектепке жиырма бес мың теңге төледім. Тәжірибелі, кәсіби мамандар көлік жүргізудің қыр-сырын үйретеді. Теориялық біліммен қатар рульге отыруға мүмкіндік береді. Әр сағатына 850 теңге төлесеңіз басқарушы мамандардың бақылауымен көлік жүргізесіз. Егер, жолда жүру ережесін біліп, оны сақтаса, қыздар да көлік жүргізсе алады. Қолынан келіп тұрса неге тартыну керек?



Қостанайда қырық шақты автомектеп бар

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасымен Астана,

Алматы, Ақтау және Қарағанды қалаларында мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылып, автокөліктерді тіркеуге алып, жүргізуші куәліктерін ресімдейтін операциялық залдар ұйымдастырылған болатын. Мұндай орталық Қостанай қаласында 2015 жылы желтоқсан айында ашылды. Жаңа ғимарат Карбышев көшесінде орналасқан. Жүргізуші куәлігін беру және автокөліктерді тіркеу процестері дәл осы мамандандырылған ХҚКО-да жүзеге асады. Аталмыш орталыққа барып, қала тұрғындарына қандай жағдай жасалғанына көз жеткіздік. Ғимараттың бірінші қабатында емтихан тапсыру бөлмесі бар. Онда 20 компьютер орнатылған. Әрбір компьютердің қасында бейнебақылау құрылғысы тұр. Яғни, емтихан тапсыру барысы бақыланады деген сөз. Жүргізуші куәлігіне қажет барлық медициналық анықтамаларды сол жерден аласыз. Нарколог, психологтың кабинеттері бар. Орталықтың дәл жанында ыңғайлы автодромды көресіз. Ол жерде практикалық емтихан тапсыруға жағдай жасалған.

– "В" және "А" категориялы көлік құралдарына жүргізуші куәлігін алу үшін оқымай-ақ емтихан тапсыру мәселесі қаралып жатыр. Мұндай өзгеріс әлі күшіне енген жоқ. Автомектепте жолда жүру ережелерімен таныс болады, қосымша білім алады, білмегенін үйренеді. Өз басым автомектепте оқығанды қалар едім, – деді Қостанай облысы ІІД емтихан-тіркеу жұмыстары бөлімінің бастығы Ұлан Беркендиев.

Қостанай облысы ІІД емтихан-тіркеу бөлімінің статистикасы бойынша, қала тұрғындарының арасында "В" категориялы куәлікке сұраныс мол. Қостанай қаласында 2015 жылы ІІД ЕТБ арқылы 12 374, мамандандырылған ХҚКО арқылы 70 жүргізуші куәлігі берілген. Биылғы жыл басталғалы бері ІІД ЕТБ арқылы 1673, мамандандырылған ХҚКО арқылы 1047 куәлік беріліп отыр.

Шаһарда барлығы 40 шақты автомектеп бар. Оқу көбінесе орыс тілінде өтеді. Жүргізуші куәлігін 18 бен 22 жас аралығындағы адамдар алады. Солардың дені қыздар. Қазір автомектептерде көліктің неше түрі бар. Басқару қорабының автомат немесе механика болуын өзіңіз таңдайсыз. Қостанайлық қыздардың дені басқару қорабы механика болатын көліктерді жүргізеді.

– Жүргізуші куәлігін сатып алу, туған күнге сыйға тарту деген оқиғалар практикада кездескен жоқ. Куәлік керек болса, теориялық, практикалық емтиханды тапсыруға міндеттісіз. Біздің инспекторлар автомектептердің жұмысын тексеріп, кемшіліктерін айтады.

Автомектепте оқыған азаматтардың аты-жөндері республикалық базаға енгізіледі. Қандай автомектепті, қай уақытта оқығаны туралы ақпараттар аталған базада сақталады. Сондықтан заңды бұзуға жол берілмейді.

Қыз-келіншектер жол ережесін бұза қоймайды, ұқыпты жүреді. Статистика бойынша, қыздар теориялық емтиханды 100 пайызға тапсырады. Ал практикалық емтиханда қобалжиды, – деді Қостанай облысы ІІД емтихан-тіркеу бөлімінің бастығы Ұлан Беркендиев.

Жүргізуші куәлігін берудің ережесіне енгізілгелі жатқан өзгеріс осындай. Жаңалыққа қатысты қала тұрғындары мен әртүрлі мамандардың көзқарасын дәлуге тырыстық. Біреуді жақтап, екіншісін баттаудан аулақпыз. Мақсатымыз – қоғамдық пікірге құлақ асу. Ережедегі өзгеріс автомектепте оқудың қажеті жоқ дейді. Ендеше, осы күнге дейін табыс тауып келген автомектептер жабылады ма деген сауал туындайды. Кәулік алуды бір ғимаратта бейнебақылаумен өткізіп, мерзімін жеделдету сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың бір жолы шығар. Көлік жүргізуге жастардың құмар екенін білдік. Бұл орайда адамның жасы маңызды ма, әлде сана-сезімі, көлік жүргізу мәдениетінің жоғары болуы керек пе? Сіз қалай ойлайсыз? Жолда жүру ережесін сақтап жүрсіз бе?



3500 кг аспайтын және жүргізушінің орнынан басқа отыратын орындар саны сегізден аспайтын автомобильдер жатады.

Жүргізуші куәлігін алу үшін 2-3 айлық автомектепке барасыз. Онда арнайы білім алғаныңызды растайтын сертификат беріледі. Автомектепте жол қозғалысының ережесі мен көлік құралын жүргізуді үйретеді. Осы уақыт ішінде көлік жүргізуге қабілеттілігіңізді анықтау үшін медициналық тексеруден өту керек. Сондай-ақ 3/4 формасындағы жеке суретіңізді де ұмытпаңыз. Осындай бірнеше құжаттарды жинап, тест тапсырасыз. Теориялық және практикалық емтихандар бір күнде өтеді. Теориялық емтихан тапсырғанда жол қозғалысы ережелері мен жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты біліміңіз тексеріледі. Компьютер арқылы берілген 40 сұрақтың 32-сіне жауап берсеңіз, келесі кезеңге өтесіз. Практикалық емтиханда көлікті жүргізу деңгейі анықталады. Егер, тестілеуден өтпей қалсаңыз араға жеті күн салып, қайтадан емтиханға қатысуға құқығыңыз бар. Мұндай мүмкіндік үш рет беріледі. Үшіншісінде сүрінсеңіз авомектепте қайтадан оқуға тура келеді. Жолыңыз болып, емтихандардан өтіп кетсеңіз, он жыл мерзімге жарамды куәлікті қолыңызға аласыз.

Уақыт өткен сайын жүргізуші куәлігін алу тәртібіне өзгерістер енгізілуде. Жарамдылық мерзімі аяқталуға жақын қалған жағдайда куәлікті www.egov.kz порталы арқылы алуға болады. Бұл жаңалық 2013 жылы енгізілді. Яғни, еліміздегі көлік жүргізушілер жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімдеріне бармай-ақ электронды үкімет арқылы өтініш береді. Жуырда отандық БАҚ құралдары куәлікке қатысты тағы бір жаңалық таратты. 29 наурыз күні ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Ерлан Тұрғымбаев қазақстандық жүргізушілер куәлікті автомектепте оқымай-ақ алатын болады деді. Азаматтар емтиханға өз бетімен дайындалып, тестті мамандандырылған ХҚКО-да тапсырады.

– "Бұл нені білдіреді? Бізде қазір білімді жекеменшік автомектептерде алады. Дегенмен бізде кітаптар бар, интернетте ақпараттар да жетерлік. Жолда жүру ережелеріне кез келген азамат қол жеткізе алады. Өздігінен сынақ сұрақтарына дайындалады. Практикалық сабақтар үшін жеке компания көліктерін жалдай алады. Ондай азаматтар арнайы ХҚКО-ға өтініш тастап, өздігінен емтихан тапсыра алуына мүмкіндік беріледі. Демек, автомектепке уақыт сарп етпей-ақ, куәлік алса да болады", – деді ҚР ІІМ министрінің орынбасары Ерлан Тұрғымбаев.

Иә, қазір интернетті пайдаланбайтын адам аз. Ғаламтордың ғаламаты сол, тетікшені басып қалсаңыз, ізде-

КӨЗКӨРГЕН

Біріңіз

Қызжан Нұрғазин — Республикаға танымал су шаруашылығының білгір маманы, инженер-гидротехник, Ұлы Отан соғысының ардагері, "Қызыл жұлдыз" ордені және "Ерлігі үшін" медалінің иегері болған атпал азамат еді. Биыл айтулы ардагердің туғанына 100 жыл толады.

Қызжан Нұрғазин Торғайдың инженер-гидротехник ретінде Торғай даласын суландыру мәселесі туралы жан-жақты зерттеп, оның мән-мағынасын ашып көрсетіп қолымен қойғандай екі кітап жазды. Бірінші кітабы "Сулы жер - нулы жер" деген атпен 1958 жылы шыққан. 1975 жылы шыққан екінші еңбегі "Торғай даласын суландырып игерейік" деп аталады. Бұл екі кітапта біздің өңірдегі Торғай-Қабырға өзендерінің пайда болып, бастау алғанынан оның жай-жапсары, сай-саласы туралы түгел баяндалған. Албарбөгет бөгеті — аудандағы ең бірінші аға бөгет.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан небәрі өзін 60 пайыз сумен қамтамасыз етеді, қалған 40 пайыз суды шет елдерден алатынымыз хақында айтқан болатын. Осыған байланысты еліміздің су басқармасы 2014 жылы Республика көлемінде 30 су қоймасын жасау жөнінде нақты тапсырма берді.

Алайда беріректе осы тарихи бөгет төңірегінде түрлі әңгімелер көбейіп, айтылып жатты. Қара басын ойлаған пай-

дакүнемдер бөгетті талан-таражға салып, гидротехникасыз инженерлік жобамен салынған құрылысты тәлкек еткісі келді. Бөгеттің құнын халық жақсы біледі. 2007 жылы 73 миллионға бөделген бөгетті ешкім қолжаулық қылуға тиіс емес. Мен осы әңгіме көбейіп бара жатқан соң Үкіметтің тиісті органдарымен хабарласып, сөйлестім. Мен олардан аса бағалы мемлекет мүлкіне ешкімнің қол сұғуға болмайтынын естідім. Соңғы 7-8 жылда судың тасымай жатқанын, өте аз мөлшерде келгенін білеміз. Заманында 40-50 мыңдап мал өсірген совхоздар бөгетті бұздырмай, пайдасын көрді. Менің ойлайтыным, кейінгі ұрпаққа обал жасамай, суды ағызып жібермей Албарбөгетті сақтасақ, өңірдегі ағайынның көрер игілігі зор болары анық. Келер ұрпақтың несібесін шашып төгуге хақымыз жоқ. Биыл, Құдай бұйыртып су мол келіп жатыр, бәріне су шығады.

Осы орайда біз инженер-гидротехник Қызжан Нұрғазиннің Жангелдин ауданындағы Албарбөгет туралы жазған естелігін мұрағаттан алып, "Қостанай таңы" газетінің редакциясына ұсынып отырмыз.

Кәкімжан КӘРБОЗОВ,

Жангелдин ауданының Құрметті азаматы.

Қызжан НҰРҒАЗИН

АЛБАРБӨГЕТ

Октябрь революциясына дейін Торғай даласы зерттелмей, тек көшпенділікпен ғана өмір кешті. Малы жоқ кедейлер жайлауға шықпай, аққан салалардың жырларында кетпенмен жер шауып, бір-екі қадақ тарысын сеуіп, оған атпамен су құйып өсірді. Сөйтіп, осыдан түскен болмашы азығымен күн көрді. Кедейлердің көптен топтанған жырларының бірі — Қарақоғаның ортасын жарып, су аяғы құрдымға дейін қайырусыз ағатын Қабырға өзені болды.

Қабырғаның жырларына топтанған кедейлердің көпшілігі — осы саланың суын тоқтатып, оны сахармен жайылып ағатындай дәрежеге жеткізетіндей күш болар ма еді деп армандағанды. Мұндай арманның болуына үлкен негіз барлығын мынадан байқауға болады: Қарақоға мен Қабырға өзенінің бойына қадақтап, тұқым сеуіп, оған атпамен атып су құйып, қаптап азық алған кедейлер бұл мекенді су басса, құлазыған дала көкөрайлы қалге айналатындығына өздерінің аздаған төжірібесінен-ақ әбден көз жеткізген-ді. Ал, оның қоныс тепкен ел мен малға деген шуағын ойлау қол жетпес сағымдай көрінетін.

1924 жылдың наурызында Қарқоға болыстық советінің сайлауы болып, онда Ыбырахым Ырысалин, Шірен Қарбалин, Тұрмағанбет Шұқырбаев, Бектеміс Әбенев, Сейдахмет Даулыбаев, Қабылда Жанақбаев тағы басқалар Қабырға өзенін бөгеуге барлық күшті салу қажеттігін мәселе етіп көтерді.

Ел кедейлері атынан көтерілген бұл проблеманы сол кездегі Торғайдың уездік жер-су басқармасының бастығы Андиров, Қарақоға болыстық Советі атқару комитетінің төрағасы Айса Нұрманов қызу қуаттап, осы мәселені үкімет алдына қою үшін Ыбырахым Ырысалинді өкіл етіп жіберді. Халықтың өкілі Ы.Ырысалин сол кезде бөгіліп жатқан "Кенжетай" бөгетінің басшылары Байқадам Қаралин, Бижан Тоққожиннің берген кеңестері негізінде 1924 жылдың маусым айында өткен Орынбордағы IV Кеңестер съезіне мәселе етіп

қойды. Онда Қабырға өзенін бөгеу, оның тікелей басқарушысы етіп Айса Нұрмановты тағайындау, бөгеттің барлық шығыны мен керекті материалын үкіметтің өз есебіне алуы, ал бөгетті инженерлік ереже жағынан жоспарлауға жетекшілік жасау қажеттігін "Кенжетайдағы" Ленинградтың су экспедициясына тапсыру көтерілген болатын. Кеңестер съезі бұл айтылған жайларды толығынан қуаттап, қарар қабылдады. Осы бойынша Айса Нұрмановтың басшылығымен Қабырғадан бөгет салу жұмысы қолға алынды. Бөгеттің табаны салынатын жер туралы аз болған жоқ.

Бөгеттің табаны ең алдымен "Ақтікеннен" салынып, бөгілді. Бірақ бұл бөгет ел арасындағы жер, ру таласы салдарынан су тасқыны кезінде бұзылып кетті. Алайда, кедейлер алған бетінен қайтпай суға ағып кеткен көп зиянға төзіп, бөгетті жоғарыдан салуды қайтадан бастады. Бөгетті салуға ел еңбекшілері ерекше зор күш жұмсады. Төрт болыстан 200-ге жуық комсомолдар мен жастар қатысып, 500 түймен Аманқарағайдан ағаш тасыды. Бөгеттің құрылысы 1925 жылдың күзінде бітіп, 1926 жылдың көктемінде бірінші тасқын суды қарсы алды. Сол күні Қарабөгет (алғашқыда осылай аталды) үстінде жүздеген адамның күзетін басқарған Б.Өмірбеков, Шотай есімді кісілер Қабырғаның асқақтаған асау толқыны бөгетке келіп тіреліп, Артель, Телқара, Көлқамысқа қарай аға бастағанын уездік жер-су басқармасының бастығы Андировке, Қарақоға болыстық Советі атқару комитетінің төрағасы Асқар Қоңыршинге қуанышпен хабарласқан Айса Нұрмановтың рапортын жеткізді. Бөгеттен аққан су Қабырға бойының құлазыған даласын басып өтіп, оның ғасырлар бойы кеуіп жатқан табандары мен жарықтарының шөлін қандыра бастады. Лезде-ақ көл саласы ауылдарды айналып, мал мен жанды да рахатқа бөледі. Бұл жөніндегі жергілікті ақын Тұрмағанбет Шүкірбаевтың өлеңі бүкіл ауылды шарлап кетті.

Арпалысқан ағыс аққан суды же-

телеп жатқанда кедейлердің бұл табысына іші күйген байлар наразылығы қатты етек алды. Олардың тарапынан қастандық жасалып, бөгетті бұзып жіберу қаупі сағат сайын төніп тұрды. Бірақ көз жетпес көк теңізге тосқауыл болған бөгет үстінде қадам сайын тұрған ел азаматтары мен комсомол жастардың күзетшілер бригадасы байлардың зиянкесті әрекетіне ешқандай жол бермеді. Су тасқыны кезіндегі жастардың бөгет үстіндегі күзеті туәлік бойы толастаған жоқ. Оны уездік комсомол жетекшілері Оймауыт Дауылбаев, Ахат Досмағанбетов, Ахметқали Мейірмановтар басқарды. Бригада күзетшілері Қайырбек Нұрмағанбетов, Қабылда Жанақбаев, Түйебай Жарқынбаев, Күндербек Хасенов, Молдағали Табынбаевтар бөгет үстінде тасқын сумен қоса ағып кетуге бел байлап, түні бойы кірпік ілмей жүрді.

Бөгеттің жиегіне қадау үшін ұсталар соққан жүздеген қадалар мен топырақ салатын мыңдаған дана қапшықтар тігу керек болды. Осы жұмыста Баймағамбет Өмірбеков, Қиолаа Өтегенов, Мұзафархан Әбділдиннің еткен еңбегін айтып жеткізу болмастай еді. Сөйтіп, Қарабөгет бірінші су тасқынын аман-есен басынан өткізіп, оның халық игілігі үшін қызметі басалды. Жұмыстың ең бірінші қазылу сәтінен бастап, оның су тасқынын қарсы алып, өткергеніне дейін басықасында болған Ленинград қаласының су экспедициясының бастығы Гардеев 1926 жылғы 25 маусымда Телғарада болған салтанатты мәжілісте уездік Совет құрған үкімет комиссиясына бөгеттің толық аяқталғандығын мәлімдеді. Сөйтіп, оны пайдалануға берудің салтанатты рәсімі жасалды. Қарабөгетті қабылдап ала тұрып, елдің өкілі Айса Нұрмановтың ұсынысы бойынша үкіметке, Ленинград су экспедициясына, Орынбордың губерниялық Советіне зор алғыс айтылып, жазылған хат Әлібай Есмағанбетов арқылы жіберілді. Міне, осылайша бөгетке "Албарбөгет" деген ат берілді.

Асқақтаған ағыс Албарбөгет бөгетінің тоқтатуы нәтежесінде су ба-

сып, көкөрай шалғынға оралған дала ел орналасқан мекенге айналды. Бір жағы Аманқарағайға, екінші жағы Сорға шұбырған Қарақоға елі халық тұрақтанған Көкалат, Қарақоға, Қызылоба, Қарабидайық, тобылғы сияқты қоныстарға ие болды. Шабындық жердің көлемі өсіп, малдың жайылымы қамтамасыз етілді. Бұрынғы атпамен су атып егетін егіншіліктен еңбекшілерді Албарбөгет бөгеті құтқарды. Бау-бақша, көкөніс түрлерін өсіруге халықтың қолы жетті. Албарбөгет ауданда салынған бөгеттердің бастауы болды. Кейіннен оның үлгісімен Ақкөлде Ақбасы, Бестауда Шилі, Торғайда Дәуітбай, Жаркөлде Бесбөгеттері салынып, халықтың игілігіне айналды. Албарбөгеттің негізінде Жыланшықта Алтыбай бөгетін Уәлі Баспақов, Торғайда Жыңғылды бөгетін Лияс Бейменов бастаған еді. Алайда бұл бөгеттер салынбай қалды. Алтыбай бөгетіне Ақкөл елі, Жыңғылды бөгетіне КПСС ХХІ съезі атындағы совхоздың тұрғындары өте орынсыз қарсылық жасады. Мысалы, Албарбөгеттің ойығы жағында отырған "Қызылскер" совхозы, немесе Аманкелді ауданының ойғы саласындағы Торғай халқы сусыз қалып отырған жоқ қой. Жыңғылды бөгетін салғандағы мақсат — 40-қа жуық өзеннің ішімен ағатын суды сары Тосынға жіберу арқылы ой мен қырды суландыру-тын. Егер Тосын суланып, ағын су Бозшақөл, Жақып сорына құятын болса, бұл арада өсейін деп тұрған қой, өңейін деп тұрған етпен жүннің қанша екенін құрметті инженер Гордеев 1926 жылдың өзінде-ақ есептеп шығарған ғой.

Албарбөгет бөгеті — көшпелі елді тұрақтандырып, жергілікті партия, комсомол және кооператив ұйымдарының құрылуына жағдай жасады емес пе? Соның негізінде 1929 жылы ауданда тұңғыш рет Албарбөгет колхозы ұйымдастырылды. Мұнымен қатар, Албарбөгет машина-трактор шөп станциясы құрылды. Осының негізінде Коминтерн колхозы ұйымдастырылды. Машиналы бұл колхоз тек аудан емес, өзінің іс-үлгісімен облысқа да белгілі болды.

1930-31 жылдардағы асыра сілтеудің салдарынан аудан үлкен ашаршылыққа кездесті. Осы кезде Албарбөгет, Коминтерн колхоздары мен албарбөгет машина-трактор шөп станциясы адамдардың ашаршылықтан аман қалуы мен мал тұқымның сақталуына бірден-бір жағдай жасады. 1933 жылы халыққа үлестіріліп берілген Албарбөгет колхозының малы аудан еңбекшілерінің кейіннен өсірген түлегіне негіз болды.

● КІТАП ӘЛЕМІНДЕ

«ҚҰМСАҒАТ»

Бір жылдың төлі болма-сақ та, бір-бірімізді үлкен-кіші тұтып, таныс болғанымызға 30-35 жыл болыпты. Бір кеңшарда, бір ауылда, бір қалада тұрып, бір-біріміздің өмір жолымыздан азды-көпті хабарымыз бар, тілек-ниетіміз түзу, бірақ, кездескен жерде амандық-саулықтан аса қоймай, жылы қабақпен қоштасатынбыз. Осы жолы көптен кездеспедік. Оған менің ардагерлер кеңесіне төраға болғанымды қосыңыз. Кенжекең (Кенжеғали) Кәрбозов маған әдейі арнап келіп, ақсақалдарды басқаруыңмен дей келе, қолыма тұңғыш кітабын ұстатты. Біршама ойларын бұқаралық ақпарат құралдарында ашық айтып жүрген азаматтың қаламынан туған, шағын, 160 беттік кітабын қолым қалт еткенде оқуға кірістім.

Деректі хикаяттан басталып, үш бөлімнен тұратын шағын кітапта, кейде әзіл-оспақ пен қағытпаларын алдыға салатын, мен білетін Кенжеғалидан гөрі терең ойлы, бүгінгі тіршілікке қызыға да қызғана қарайтын, сөйте тұра «әттеген-айын» да жасырмайтын, өткенді саралап, болашаққа бағыт-бағдар (әрине, кейінгі толқынға) беретін, аға буын мен құрдастарына да ой салатын бүгінгі Кенжеғалиды басқа қырынан танығандай болдым.

Өзі «көпшілікке арнағанмен, бәлкім, көркем шығарманың ауыр жүгін көтеріп тұрмаған шығар» деп жазғанымен, бүгінгі таңдағы атақ-даңқын басылым беттеріне тізетін, сұраншақтанып, араға кісі салып, беттің арын белге буып, сатып алған (бүгінде ол тіптен де көп, халық айтса, қалт айтпайды) шендерін тізіп жазатын көп «жазушы», екі сөздің басын қосып, ұйқас қуатын сарай ақындардың кітаптарынан гөрі терең әсер еткенін жасыра алмадым.

«Жалғыздық құдайға ғана жарасады» демекші, екі адамның

ғұмырлық серік тауып, жарасып кетуі, қандай да болмасын кедергілерді жеңе отырып, арман асуына қол созып, бақыт шыңына шығуы өте күрделі, кейде орта жолға жетпей жол айрығына түсуі, адам-адам боп жаратылғаннан бері келе жатырған ақиқат дей тұрсақ та, хикаяттағы Ертай мен Қазынаның ғұмырлық серік болғанынан кейінгі тағдыр-талайы бір-біріне деген сыйластығы, арман-мүдделерінің тоғысуы, бұралаңы көп өмір айдынында артына өшпестей із қалдыруы, жаныңды тебірентіп, біздің ертеңіміз жастарымызға ой салса, ғанибет қой!

Кенжеғали балдәурен балалық шағынан бастап, өзінің бір жылы туған құрдастарын, аға буын өкілдерін баяндай келе, тіл-дін, әдеп-әдет, «кедей бай болсам, бай құдай болсамды» армандайды демекші, қаржылық ұрлық пен тонауды алға тартады. Бүгінгі ел тізгініндегі бірінен кейін бірі ұсталып, тұтылып жатқан арсыз, ашқарақтарға тосқауыл бар ма екен дейді, сондай-ақ, оларға кедергі жоқ шығар деген сенімсіздігін де жасырмайды. Алдыңғы буын ағаларының қайтпас сапарға кеткенін, орны толмайтынына тоқталады Кенжекең. «Орнында бар оңалар», олардың түтінін түтетіп, шаңырағын шалқытып, керегесін жықпай отырған жеңгелерін, қос бауырынан туып, соңынан ерген іні-қарындастарының барына қуанып, ертеңіне сенеді, «әттеген-ай» демейді, «шүкір» дейді.

Кітаптың аты айтып тұрғандай, адам өмірі – қас қағым сәт. Оның құмсағаттай екенін ешкім де жоққа шығармас. Ендеше, қадірлі Кенжеке, ұлағаты мол, түйетініміз көп «Құмсағатын» көптің көңілінен шықсын, бұл – сәтті туынды.

Жәнібек ҒАПБАСҰЛЫ.
Арқалық қаласы.

● САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

«Өмір сүру – өте жақсы!»

Гүлназым
САҒИТОВА

Міне, осындай атпен балаларға қосымша білім беретін өңірлік оқу-әдістемелік орталығы оқушы балалардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықтарын шынықтыру, өзінің тән саулығына жауапкершілікпен қарау және нашақорлықтың алдын алудың ең үздік үгіт бригадасын анықтау мақсатында сырттай байқау ұйымдастырды.

Байқауға Алтынсарин, Сарыкөл, Қарабалық, Жітіқара, Аманкелді, Әуликөл, Қостанай аудандары мен Лисаков, Қостанай қаласының мектептері қатысты.

– Әр байқаудың өзіндік ерекшелігі, міндеті, мақсаты бар дегендей, осы іс-шара арқылы ең алдымен оқушы балаларымызды өмірдің келеңсіз жақтарынан сақтау әрі олардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткіздік. Олардың ұсынылған жұмыстарында денсаулық – үлкен-кішінің болсын басты байлығы екенін көрсете білген. Әр бейнекөрініс, сценарий креативті, шығармашылықпен жазылған, – деді орталықтың бас маманы Дина Итүғұлова.

Қазылар алқасының шешімі бойынша, Әуликөл ауданындағы Ш.Шаяхметов атындағы Сұлукөл орта мектебі оқушыларының «Менің денсаулығым – менің келешегім» атты шығармашылық жұмыстары бірінші орынға лайықты деп танылды. Оқушылардың «Зиянды әдетті талқыға салу» тақырыбымен берілген сценарийлері креативтілікпен, сонылықпен жазылып, жаңа технологиялық әдіс-тәсілмен берілген. Екінші орынды Жітіқара ауданы №3 орта мектебі оқушыларының «Біздің ауланың серіктес достары» атты бейнеролигі жеңіп алса, үшінші орынға өздерінің жұмыстарын ақпараттық-ағарту бағытында көрсете білген Қостанай ауданы Затобол мектеп-гимназиясы оқушыларының үгіт бригадасы ие болды. Жеңімпаздар марапатталды.

● НӨМІРДЕН – НӨМІРГЕ

Ораз ҚАУҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Сатыбалды ишанның ТАҒДЫРЫ мен ТАҒАЛЫМЫ



(Жалғасы. Басы өткен санда)

Сұрау салғанда «Қыпшақ ишан» бірде Ташкентте, бірде Шыршықта, енді бірде тағы бір жерде болып, оны іздеген адамдардың оған жолығуы мүмкін болмайды. Сырттағы әйгілі Қыпшақты іздеу жұмысына сол кездегі Торғай өлкесінің төре-правителі Сүлейменнің жасауылы, тілмаш Сүйін Орысұлы деген азамат құлшына кіріседі. Оқыған азамат сол кездің салты бойынша «үшбу» хат жібереді. Хат Ташкент өлкесіне аты әйгілі Сатыбалдының қолына тиеді. «Мен әкемнің тағзымына бара жатырмын. Келген жерлеріңнен ешқайда кетпей күтіңдер. Екі-үш күннен кейін ораламын» деп хатқа жауап келеді. Сүйін мен Сатыбалды ишан сол кездегі Түркістан өлкесінің орталығы Ташкент қаласында кездессе керек. Сайрам Ташкентке тиіп тұр ғой. Сөйтіп, Сайрамдағы түбі торғайлық қазақты, ишан-діндарды Сүйін тілмаш туған ел, ата-жұртына шақырады.

САТЫБАЛДЫ ИШАН АУЫЛЫ

«Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген даналық мақал бар ғой. Туған ел, ата-жұртының шақыруын қабыл алып, Сатекке кіндік қаны тамған («Шомақ Қарасуы») атамекеніне 1880 жылдары оралады. Ержетіп өскен, білім алған, үйленіп, бала сүйген, 40 жыл дін ағартушылық ғұмыры өткен қасиетті Қазығұрт, Шыршық, Сайрам, Ташкент өңірін, ондағы дос-жарандарын қиып кете алмайды. «У ішсең – руыңмен» деген. Ол кезде күллі рулы ел Сатеккенді «хан көтереді». Алғаш елді көруге келгенде, жас қыз алға уәде берген елдің марқасқа жақсылары сөздерінде тұрып, Қабақтың қарындасы Әйін деген бойжеткенді Сатыбалдыға қосады. Қазіргі Аманкелді ауыл кенті тұрған өңір ол кезде өлі ел қоныстанбаған ашық дала, ну тоғай екен. Алғаш ел қоныстандырып, үй-жай салып, қазіргі «кент-ауылдың» негізін Сатыбалды ишан қалайды. Сөйтіп, алғашында бұл қоныс «Сатыбалды ишан ауылы» атанады. Бір жерге жиналған рулы ел (Қыпшақ-құттық) жаппай үй салып, егін егіп, астық жинап, отырықшылыққа бейімделеді. Сатекке ағаштан мешіт салдырады. Шығыршық арқылы жел күшін пайдаланып, диірмен жүргізеді. Бұрын онда-мұнда көшіп берекесі кетіп жүрген халық орнықты тіршілікке үйренеді. Дінге қарсы, молда, софы, ишанға жау Кеңес үкіметі орнағанда Сатыбалды ишанның игілікті істері мен діни ағарту жұмысы тарихтан өшірілді. «Ишан ауылы» деген сөз ұмытылды. Құдай ғана сүйген құлының кесене-мазарын сақтап, Алла тағалаға кейін аруағын аунатты.

ИШАННЫҢ АСПАНДА АҚҚУ ҰШЫРУЫ

Әке-шешесі өмірге келгенде оған Алла тағаладан бар жақсылық сұрап, бір ерекше көне ырым-салтпен, «тылсым тілекпен» жаратқанға жалынған ғой. Сондықтан Сатекке бала кезден ешкімде жоқ кие-қасиет дариды. Осы күштің арқасында талай рет өлім, ажалдан аман қалады. Басынан талай қилы-қилы тағдыр, шытырман оқиға өтеді. Дін оқуы жолындағы шәкірт баланың өмірі мен қаракеті көп тосын нәрселерді елестетеді. Сатеккеңнің немересі, үлкен қария Сұлтан-Ахмет ата

ишанның бойындағы Алла тағала берген ерекше қасиеттер мен таңғажайып қабілеттер туралы қоспасыз әңгімелейді. Ал, халық арасында Сатыбалды ишанның таңғажайып құбылыстар көрсетуіне байланысты аңыз-хикая, «тәмсіл керемет» жетіп артылады.

Алла тағаланың пендесіне сыйлаған кереметі мен «тылсым күшін» меңгеріп, таңғажайып құбылыстар көрсетуі әулие машайықтардың мекені Сайрамнан басталады. «Ғайып ерен, қырық шілтен» жатқан жерден көрінеді.

Сатыбалды Сайрамға келіп, мешіт салып, енді оның ашылу рәсіміне біраз сопылар мен шейхтарды шақырады. Олардың ішінен біреуі Сатеккеңнің «қасиет-қабілетін» сынау үшін «молдеке, шын ғұлама болсаңыз бойыңыздағы құдіретті көрсетіңіз» дейді. Сатеккең оған және оның серіктеріне бұрылып: «аспанға қараңдар» дейді. Бәрі аспанға қарайды. Көктен бір аққу ұшып келіп, мешіттің күмбезін бір-екі айналып, ғайып болады. Сайрамға алғаш келгенде мешіт салынатын жердегі ордалы жыланды көшірген, соңында аспанда аққу ұшырған оның «құдірет күшін» көріп, өздерін «әулие», «көріпкелміз» деп жүргендердің бәрі мойындап, пір тұтады.

МҰСЫЛМАН ПЕРІЛЕРІМЕН СӨЙЛЕСУІ

Ислам дінінің «тылсым құдірет» дұға кітабы «Исми-ағзамда» адамға Алла тағала сыйлаған құдірет-күштердің құпиясы жөнінде айтылады. Мұнда пері ұстау, жын бағындыру, бақсылық, сәуегей-көріпкелдік және бәрін алдын ала болжау тәрізді «тылсым сыр» құпиялары жайында түсінік беріледі. Ишан-ғұлама қасиетті дұғалар мен қасиетті күштерді әбден меңгерген болуы керек. Жүрегі таза, пәк адамдар ғана үйрене алатын «дұға-ілім» ол кісінің жан-тәніне сіңіп, ақыл-ой сезімін әбден кемелдендірген. Яғни, әулиенің бәрін көріп, біліп отыратын «үшінші көзі» ашылған.

Бір байдың кең сарайында түнде тұр-түсі көрінбей, даусы ғана естіліп, үрейлі жүріс-тұрысы сезіліп, бір «адам-елес» мазалайды. Соңында тіпті, неше түрлі пәле көрсетіп, үрейлендіре бастайды. Сатеккең келіп, бай қорқынышты жағдайды айтады. «Сен тұрған үйдің орнын бұрын «мұсылман перілері» мекендеген. Олар мұсылман адамға қастық жасамайды. Бірақ, түбінде ызыланса, жақсылық болмайды. Сондықтан перілермен сөйлесіп, оларды басқа жаққа көшіру керек» деп үйге келіп, екі күн дұға оқиды. Көп өтпей перілер басқа жаққа қоныс аударып, үйдегі қорқынышты елес кетіп, үрей басылады.

РУХЫ МЕККЕГЕ ҚАЛАЙ БАРҒАН?

Ұлы әулиелер жайындағы Ислам аңыздарында олардың кейде бір намаз-құлшылықты Меккеге барып, «рухы арқылы» орындап келетіні жайында қызықты хикаялардың, «тылсым тәмсілдердің» бар екені ежелден белгілі. Ұлы софы, әулие-хазірет Әзірет Сұлтанның (Қожа Ахмет Яссауи) Түркістанда тұрып-ақ кейде «рух-жаны» арқылы Меккеге барып, бесін намазды сонда оқып келетіні жайында айтылады.

«Рух күштері» арқылы Меккедегі құлшылықты көріп, рухы арқылы ондағы нәрселердің бәрін көріп отыратын әулиелердің бірі осы атақты Сатыбалды ишан болған.

(Жалғасы бар)

• Ой-отаму



Ас беру – нығмет. Көкшеде Абылай ханға, Торғайда Ахмет пен Міржақыпқа, Ақмолада Бөгенбай батырға, Талдықорғанда Қабанбайға арналып берілген ас халықтық дәстүрлердің қайта оралуының көрінісі болды. Этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметұлы: «Ас беру – дәстүр. Бұл – дүниеден өткен ең белгілі адамдардың жылы толғанда оған жасалатын ақырғы зор құрмет және ұлы жиын, бас қосу» деп жазды. Ғұрыптық қана емес, саяси-әлеуметтік институт ретінде де ас беру дәстүрі қазіргі кезде бұрынғы мәртебесін сақтап қала алды ма? Қалтасын ақтарып, бірнеше ірі қара малдың басын шалып, ат шаптырып, дүние шашып жүргендер де аз емес. «Бәленше бүйтіп жатыр» дегендей, бай-манаптардан қалмай, несиеге батып тойын өткізген тоңып секіргендерге не деріңіз бар? Осылайша, себепсіз той-томалақтардың тоқтаусыз жалғаса беретіні сөзсіз. Күнделікті тірлікте өзекті болып отырған мәселелер жөнінде ардагер ұстаз, Әулиеқол ауданының құрметті азаматы Сағындық Досмағанбетовтен сұрастырдық.

Сағындық ДОСМАҒАНБЕТОВ:

«Дарақы мырзалықтан сарабдал сараңдықтың өзі артық»

Айтары бар адамның әңгімесі

– Сіз – совет үкіметінің солдатысыз, өмірдің бұралаң жолдарынан өттіңіз. Сіздердің уақытта «Комсомолдық той» деген болды. Әңгімені осыдан бастасак.

– Жетпістің сегізіне келдік. Өмірдің қызығын-шыжығын, тәттісі мен ащысын қатар көрдік. Кешегі бөлінбестей болған қызыл империя бір-ақ күнде құлады, бодандықтан құтылып, егемен ел болғанымызды көргеніме мың қайтара шүкіршілік айтамын. Совет үкіметінің бұра тартқан кездері көп болды ғой. Оның бәрін қазір айтқанмен пайда жоқ. Негізгісі, діні, ділі бөлек алуан халықты бір ұлтқа, бір тілге ұйыстырып, Советтік ел жасауға көшкендегі саясаты түйе мойнынан да қисық бастама-тын. Соның салдарынан Халық ақыны (Омар Шипин – авт.) талпақ танауды (шошқа) бесінші түлік деп өлең жазды, қазақ қызы (Дәмелі Жақсылықова – авт.) шошқа бағып, омырауына орден тақты. Қазақтан шыққан совхоз директорлары шаруашылықта шошқа ұстады. Оның біреуі біздің «Целинный» совхозында да болды. Интернационалдық отбасы жасаймыз деп, қазақ жігіті мен орыс қызын қосып, комсомолдық той жасады. Оны көгілдір экраннан жиі-жиі көрсетті, радиодан репортаж ұйымдастырып, ұнарақ бетінде, әсіресе, «Лениншіл жас», «Комсомольская правда» газеттерінде көп тиражбен таратты. Ондай жас жанұялардың тағдыры ұзаққа бармады. Белгілісі, олардан туған бала қазақ емес, басқа ұлт болып шығады. Сөйтіп, біздің ұлттың саны азайы түсті. Жастар түгілі, олардың әке-шешелері құда-құдағи болып та оңбады. Не керек, әлгі тойдың артында үлкен саясат жатты.

Той дегеннен шығады, орыс қызы Терешкова мен чуваш жігіті Николаев космонавтар отбасын құрудың, түсініксіз көзқарастың құрбаны болды, жарасымды тұра алмай, ақыры айырылысып тыңды. Оны төрткүл әлем білді.

Әрине, екі жастың арасында махабат, сүйіспеншілік болып жатса, ешқан-

дай әңгіме айтпас едің. Ертеде Торғайда біздің бір ағамыз жер ауып барған орыстың қызымен қосылып, жарасты өмір сүрді. Тамаша ұрпақ қалды.

«Комсомолдық тойдың» негізгі түп-тамыры осы еді. Елдің көбісі бұл саясатты түсінді, бірақ ашық айта алмады. Заман солай, бағыт біртекті болды.

– Халқымыз ерте кезден-ақ халықтың қонақжайлығын танытатын белгінің бірі, бірлескен тіршіліктің айғағы іспеттес деп тойды өткізуге айрықша мән берген. Той – тағылым түйдіретін, тектілікке баулитын тәлім-тәрбиенің өтімді мектебі деп айтып жүруіміз тегін емес. Дегенмен, белгілі бір дарақылықтарға жол беріп қоятын асабалардың той басқаруы жайында не дейсіз?

– Қалыптасқан дағдыны мысалға алсақ, мешітте жаңа түскен келіннің некесі қиылып, тойда беті ашылады. Жас жұбайлар неке кәулігін алғаннан кейін, үйдің иесі, не жақын туыстарының бірі ортаға шағып, тойды бастап, алдымен, асабаны көпшілікке таныстырғаны дұрыс деп ойлаймын. Мұнан соң, тойдың билігі, барысы түгелімен асабаға тапсырылады.

Асаба – той ағасы, дастарқан басшысы. Ас – тамақ, аба – ата, аға, түріктен келген сөз. Қазақтың «Асабасы жоқ асқа жарымас» деген мақалы тегін айтылмаса керек.

Қандай тойдың болса да жақсы өтуі, сөз жоқ, жүргізушісіне байланысты. Әрине, үй иесінің ықылас көңіл-күйі, қас-қабағына және шақырылған қонақтардың әсері болатындығын да айта кетпей болмайды.

Асаба мәдениетті, оқыған-тоқығаны көп, халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, тарихымызды және өнерін жақсы білетін, әзіл айтуға шебер, қысылған жерде қисынын, ретін тауып кететін, сөзді жүйесімен анық, ұтымды сөйлей алатын болғаны абзал. Халқымыздың «сегіз қырлы, бір сырлы» деген сөзі тікелей асабаға қойылатын басты талап болса

керек. Ол тек ұйымдастырушы ғана емес, тойдың мәні мен сәні бола білуі қажет.

Әрине, мұндай адамды табу оңай жұмыс емес. Кім тойым нашар өтсін дейді? Сондықтан да кейбір той иелері асабаны сырттан, тіпті ауыл емес, аудан, облыс көлемінен іздейтіндер де кездеседі. Бір жағынан, өз ауылыңнан бүтіндей елінді, өз жұртыңды, азаматтарды, олардың ерекшеліктерін, мінез-құлқын білген адамға не жетсін.

Асабалыққа келіскен адамның бұл ауыр да жауапты міндетті түсіне отырып, мүмкіндігінше дайындалып, арақ-шарап ішіп, тойды аяғына жеткізе алмай, айтар сөзді өз бетінше лепестетіп жіберуіне болмайды. Этика-эстетиканы қатаң сақтасын. Мұны көзім көрген соң айтып отырмын.

«Ақылдасып пішкен тон келте болмайды» дегенге сүйеніп, асаба мен той иесі тойдан екі-үш күн бұрын кездесіп, бәрін жоспарлап, келісіп алғандары жөн. Шақырған қонақтармен қатар келіп, жанталасып, бағдарламасын жасап жатқандарын да көріп жүрміз. Нәтижесі онша болмай шығады.

Той барысында асабаға ақыл айтып, кеңес берушілер көбейіп кетуі де мүмкін. Оның бәрін тыңдай берсе, жасалған жоспары бұзылып, тойдың берекесі кетеді. Сондықтан да қолға билік тиген екен, жалтақтама. Сол мәжілістің шын иесі болғанға не жетсін! Асабаның міндеті жүктелген екен, ендеше сол қауымды аузыңа қарата біл! Көпшілік «мына жігіт тағы не айтар екен, сөзді кімге, қалай берер екен?» деп отырса, қанеки. Түрлендіріп, бірде мақалдан, бірде әзілден, бірде өлеңмен, бірде тақпақтап, көненің сөзін келтіріп отырса, ешкім жалықпас еді.

Отырған аудиторияға қарамай, күлдірем деп небір келенсіз әзілдер айтып, мезі ететіндер де көбейіп бара жатқандай. Әйел адамның асаба болғаны келісе қоймайды. Жалпы, нәзік жандыларға ыңғайсыз жұмыс па деп ойлаймын.

Талай тойларда болдық. Өз уақы-

тында асабалықтың да тетігін ұстағанбыз. Академиктер М.Қозыбаев, С.Сатыбалдиндердің де той басқарғандарын көрген жанбыз.

Жасыратыны жоқ, біз өзі күншіл де кекшіл, сыншыл да міншіл халықпыз ғой. Біреулерге сөз бермесен, бермеді деп, берсе, анадан кейін неге берді дейтіндер кездеседі. Ондайда асаба саспай, өзінің қызметін жоспарлы түрде жүргізе берген дұрыс. Өйткені, тойда 150-300 адам шақырылады. Оның бәріне сөз беру мүмкін де емес, міндетті де емес. Топтап-топтап, мысалы, нағашы-жиендер, құдалар, достары деп тостың санын мейілінше азайтқан жөн. Ал, ойын-сауық көбірек болса, нұр үстіне нұр болар еді. Тойдың аты – той. Той деген сөз жарысы емес. Әрбір топтан 2-3 адам ғана сөйлесе жарайды ғой. Өйткені, сөйлеушілердің көбісі «малы мен жаны көп болсын, шаңырағы биік, босағасы берік болғайдан» шыға алмайды. Қонақтарды әбден мезі етеді. Міне, осындайда асабаның тапқырлығы өте қажет-ақ. Тойда ойын өткіземін деп, арқан тартқызып, жасаулы үстелді төңкеріп алғандарды қосыңыз. Осы ретте айта кетейін, Ресейдің Челябинь облысындағы Бреды (Күйік) деген аудан орталығында қыз ұзату және үйлену тойында болған едім. Онда нағашым қызын ұзатқан. Қыз аттанардағы сыңсуы (көрісу) бізді таңқалдырды. Оны көрген халық ақыны Әсия Беркенованың: «Мәссаған, Қазақстанда көрмегенді орыс жерінен көрдік қой» деп танданыс білдіргені есімде. Ал, сол нағашым келін түсіргенде, үйіне бір шақырымдай жетпей, машинадан түсіріп, ауылдың жас келіншектері мен қыздары шымалдық апарып, бетін ешкімге көрсетпей, жаяу әкелген. Содан соң шымалдық ішіне кіргізіп, келіннің бетіне май жағып, үйді ыстап, бетін ашқаннан кейін тулақтың үстіне тұрғызып, иіліп сәлем еткізіп, басына орамал (жаулық) тартуы бізге ерекше болып көрінді. Ал қазір, әсіресе, оңтүстікте жаңа түскен келінді үлкен залға машинамен кіргізіп

жатқанын көгілдір экраннан көрдік.

– Кезі келген қиғаш оқиғаны себеп етіп, көл-көсір думандату, ақпа-төкпе той жасауды ерсі көріп, жөнсіздік санайтындардың уәжді пікіріне бірінші кезекте мән беріп, құлақ асудың қажет екенін тұрмыс-тіршілік айғақтап отыр. Ата-әжелеріміздің айтуынша, бұрын тойда спирттік ішімдік атаулыны пайдаланбаған. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұстағы тойда біртіндеп ішімдік мәселесін шектеп, тоқтатып, мұсылмандық жөнге келуіміз – құптарлық жайт.

– Бір қуанарлығы, кейінгі кездерде өтіп жүрген тойларда мас болып, жұрттың берекесін алып жатқандар кездеспейді. Бұл – қуанышты жағдай. Ал, тойдың ішімдіксіз өтуі мұсылман халқына шарият жағынан да өте орынды болар еді.

Әлі есімде, Кеңес үкіметі кезінде арақ ішпеу туралы қаулы шығып, үйлену тойлары ішімдіксіз өткен-ді. Әсіресе, біздің ауданда, «Москалев» кеңшарында партия ұйымына хатшысы, елдің құрметті азаматы З.Жаңбыршыновтың баласының үйлену тойы, сол сияқты, Қазанбасы шаруашылығында ағамыз М.Ғабдуллиннің бастамасымен өткен бірнеше қуаныштар, өз деңгейінде, тамаша өткенін білеміз. Империя құлап, тәуелсіз ел атанғаннан кейін бұл дәстүр өз жалғасын табады деп күттік. Олай болмай шықты. Дегенмен, ауызды қу шөппен сүрте бермейік. Ауданның құрметті ақсақалы Қабден Әкімбек алғашқы немересінің тойын Қостанайда ішімдіксіз өткізді. Ол тойда болғандар осы уақытқа дейін тойдың тамаша өткенін айтып жүр. Міне, осындай тойларда, жалпы басқа да мерейлерде асабаның рөлі өте жоғары болу керек екендігінде сөз жоқ.

Жалпы айтқанда, ішімдікті дастарқан мәзірінен аулақ ұстаса деймін. Арақсыз да ата-бабамыз отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізген ғой. Біздің бүгінгі міндет – бұрынғы дәстүрді орнына келтіру. Малың да, дүниесін де шашу үшін жинайтын кей қазекем той өткізу үшін несие алып, белшесінен қарыз болып жатады. Ішімдік жағын айтпағанның өзінде, тойға уақытында келмеу, даңғырлатып музыка қою, тұрпайы әзілдер қазақ үшін қалыптасқан үрдіске айналып кетпесе екен деймін.

– «Дарақы мырзалықтан сарабал сараңдықтың өзі артық» демеді ме дана бабаларымыз. Асқа деген кесірлікті ашаршылық шақыратын жаман ырымға жатқызып, «рәсуаға ұшыраған астың обалы бар» деуші еді көпті көрген ақсақалдарымыз. Біздің айтайық деп отырғанымыз – той-томалақта 200-300 адамға бірдей қазақша ет тартудың тиімсіздігі мен жөнсіздігі. Үйме-үйме ет пен қамыр артығымен қалып жатады. Кілең рәсуа, ысырап. Тіптен, обал-ақ, Бұл дәстүрге тыйым салатын уақыт жеткен секілді емес пе?

– Бұл бір орынды сұрақ. Айтылып та, жазылып та жүр. Жалпы той өткізу, құда атқару, өлік жөнелту үшін ең көп рәсуа жасайтын – қазақтар. Енді осыған ас беруді қосыңыз. Айнала қымбатшылық, таршылық, дағдарыс деп жатырмыз, ал оған біздің ұлтымыз қарап жатқан жоқ. Мұның ең өкініштісі, ру-ру болып, бөлініп бәсекеге дайын тұруға айналып бара жатқанымыз. Бұл жақсылыққа апармайды. «Біз ас бергенде мыңға жуық адам болды, пәлен киіз үй тігілді, түген жылқы сойылды, соншама шапан жабылды» деп көрші шалдардың көлейткенін естігем. Шапан демекші, осы шапан жабудың өзі мақтанышқа айналды. Жетпіске келіп жетпіс шапан, болмаса алпысқа келіп, тағы сонша шапан жауыпты деген даңғойлық етек алып тұр. Ташкент, Бішкектен арзанқол ша-

пандарды әкеліп, тойларына үлестіріп жатқандарында қисап жоқ. Ертеде ат шаптырып, шапан жабу болған, бірақ, онда ата жолымен көп дегенде он шапан жабылған. Ал, қазір ата жолын былай қойып, «ойбай, оның баласы бастық қой, әкімнің жиеніне берейік» дейтіндер жетерлік. Жалпы, ас беру, шапан жабу туралы, ондағы келеңсіз жайттар туралы облыстық «Қостанай таңы», қала берді, аудандық газеттерге өз пікірімді жазған болатынмын.

Қалай десек-те, мына жайларды айтайын, оны қолдай ма, жоқ па, оқырман-ның еншісіне қалдырайық.

Ас беру – өшкендігіміздің емес, өскендігіміздің белгісі. Екінші жағынан, тәуелсіздігімізді алып, бодандықтан құтылғалы барымызды базарлап, жоғалғанымызды іздеп, небір асылдарымызды тауып, жоқтарымызға тәубе ете отырып, Құран бағыштап, ескінің көзін, егеудің сынығын еске ұстаған елдің тіршілігі болса керек. Бірақ, ас беру деген мал шашу үшін емес, ұрпақ жүрегіне от салып, болғанымыз бен болмағанымызды, бүгінгіміз бен ертеңгімізді ойластыру үшін керек пе деймін.

Тарих беттері мен ауыз әдебиеттерінен, қазыналы қарттарымыздың әңгімелерінен байқасақ, асты көбінесе марқұмның балалары мен немерелері ата-бабаларына өздері берген. Атақты Сағынай асын солай өткізген. Егер Құлагердің басы шабылмағанда, ол ас тарих бетінде қалу-қалмауы екі талай-тын. Ал ру-руға бөлініп, ұрандатып, «біз аналардан асырамыз, біздің олардан қай жеріміз кем» деудің қажеті де жоқ, мүл-

үлкендеріне асатады. Сол кезде келіннің қолынан қанша ақ жаулықты аналар мен ақ сақалды аталар торт асап жатады. Бұл не сонда? Атасының келіннен тамақ асағаны қалай?

– «Бұл қызым, анау қызымнан да сорақы» депті ғой бір әйел. Сол айтқандай, той тортындағы сорақылыққа тіл жетпейді. Басқаларды қайдам, ал өзім ұнатпаймын, ерсі көремін. Бұл – ұлтымызға кейіннен, батыстан кірген дәстүр. Дәстүрдің озығы, тозығы да бар ғой. Әрине, озығын алғанымыз жөн.

Келіннің беті ашылған соң, оның аты да, заты да өзгереді. Қыз – қонақ. Оң босағада, үйінің төрінде аз жылдық мерзімі бітіп, басқа үйдің келіні атанады, былайша айтқанда, ауыз жақтан орын тиіп, отауының отын жағып, ол отты уақытынан бұрын сөндіріп алмаудың негізгі ұйтықы сол болады. Бұл – екі жаққа да қуаныш әрі өріс.

Туған күндегі, үйлену тойындағы торт, оның үстіне, балауыз шамдарды (свеча) жарқыратып, үрлеп, өшіру деген, өз шырағыңды өзің сөндіргендей, өз жолыңды өзің кескендей көрінеді маған. Бұл туралы ақын Ақылбек Шаяхметовтың керемет те мазмұнды бір өлеңі де бар. Оқымағандар тауып оқыса, ойласар ма еді деймін.

Ал, келін мен жігіттің қасықпен торт асатуы, әсіресе, жас келіннің атасы, қайын ағаларының аузына қасық тығып жатқаны, оған жұрттың мәз болып, шулап отыруы – келіснейтін шаруа. Ең болмаса, төрелкеге салып, иіліп сәлем беріп, содан соң ұсынып жатса, бір сәрі. Оның өзінде де ойласу керек шығар.

*** «Той - төңірінің қазынасы», солай десек те...
* «Асабасы жоқ асқа жарымас»
* «Атыңды шығарғың келсе, ас бер...»
* «Шалқайғанға шапан жапқан не сорың»
* «Тойда атасына торт асатқан келінді де көрдік»
* «Қарыз алып қызыққа батпай-ақ қоялық»**

дем жөнсіз. Елбасымыздың «руыңды біл, бірақ рушыл болма, ұлтыңды біл, бірақ ұлтшыл болма» деген сөзі әрқашанда есімзде болса деймін.

Құрдасым Сейіт Кенжеахметов ас беру турасында ғажап дүниелер жазып кетті. Байқап отырсам, бізде басқа бағыт алып бара жатқан сияқты. Тарихта кездеспеген небір жайттарға куә болудамыз. Рушылдық бірінші орынға шықты. Әр ру өз адамдарын ғана көтеріп, бір тауды биіктетімін деп, екінші тауды аласартып жатқандары рас. Ақпарат беттерінде де жазылып жатыр. Бұл кең етек алып отыр. Біздің ауданды басқарған Еңбек Ері Қабидолла Тұрғынбаевтың қайтыс болғанына бес, он, он бес жыл болуына байланысты елдің азаматтары бірігіп, ас берді. Ешкім «руым мынау екен» демеді. Ондай астар құптарлық әрі үлгі боларлық.

Ас берудегі аста-төк, сауабынан обалы көп шығынды да ойлай отырғанымыз жөн болар. Әңгіме ат мінізіп, шапан жабу да емес. Аруаққа дұға оқытып, үлкендердің тілек-батасын, елдің ризашылығын алып, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық, бірді-екілі жұмыс істеліп, іздерін қалдырса дейсің. Мысалы, Тұрғынбаевтың бес жылдығын еске алғанда, үйіне мәрмәр тастан белгі қойып, көшенің атын берді, ал он жылдығында кітап шығарды, он бес жылдығында орталық көшеге ескерткіш орнатты. Айтпағым, асты атағы бар, елге еңбегі сіңген кісілерге бергеніміз абзал.

– Ең сорақысы – тойдағы тәтті тоқашты (тортты) күйеу жігіт пен келін кеседі де, екеуі қасықпен әулет

– Құрбан шалу жайында жиі қозғалатын мәселе – жылқы малына байланысты. Кейінгі жылдары қалтасы көтерген көкелеріміз шариятта тыйым салынған Қамбар ата жануарын құрбандыққа шалады. Бұл қаншалықты дұрыс?

– Менің ескіше (діни) оқуым жоқ. Бірақ, өзім қолымнан келгенімше заңды да, шариятты да бұзбауға тырысамын. Шариятта жылқы союға болмайды. Еңдеше, сойылмасын. Бұрынғы байлар үйір-үйір Қамбар ата тұқымын ұстап отырса да, дін жолын сақтаған. Терең ойласаң, осы жылқы малына біздің қазақ қарыздар. Соншама жерге ие болып отырғанымыз осы жануардың арқасы емес пе? Ата-бабаларымыз аттың жалын да, түйенің қомында жүрген жоқ па еді?

Өзім ойлаймын, өлімде (жетісі, қырқы, жылы) қара мал сойса, ал тойлар мен астарда жылқы сойса қалай болатын еді. Олай дейтінім, көбінесе ас бабаларымыздың пәлен жылдығына беріледі. Бұл – той. Өйткені, сіздің арқаңызда осындай дәрежеге жетіп, ас беріп, құран оқытып, ризашылығымды білдіртіп жатырмыз дегенге саяды.

Ал, қазада жылқыдан гөрі қара мал көп арзанға түседі әрі табылуы да жеңіл. Даңғойлыққа берілмеген дұрыс. «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіредінің» кебі болмасын. Аттына жетеміз деп, жаяудың таңы (шабы) айырылып жүрмесін.

– Жоғарыда айтқан әңгімелердің түйіні ұлттық сана мен тәлімге тіреледі. Алдағы мамыр айында жетпіс сегізге толасыз. Нешеме жылдық педа-

гогтық тәжірибенізбен бөлісіп, қазіргі жастардың бойында бар кемшіліктер немесе артық тұстарын сараласаңыз. Сіздің буындағы жастар мен бүгінгі ұрпақты салыстырып көріңізші.

– Өзім тәмамдаған мектепте 15 жыл мұғалім болдым. Мұғалімдік пен ұстаздық етудің үлкен айырмашылығы бар.

Ұстаздық – ұлы нәрсе! Ұстаздық ету өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау деп түсінемін. «Патшалық құру – ұстаздық етуден он есе жеңіл» деп академик Зейнолла Қабдолов тегін айтпаған болар.

Әрине, мұғалім атын жамылып жүру бар да, сол мұғалімдердің ортасынан оза шауып, атағы шығып, ұстаздық тұғырға көтерілу тағы бар.

«Заман өзгерсе, қағидалар да өзгереді» және «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан басталады» деген Ұлы Абайдың сөздерін естіген боларсың. Мен кешегі Кеңес үкіметі кезінде, 1963-1978 жылдары мектепте дәріс бердім. Ол кез бен бұл кездің айырмашылығы – жер мен көктей. Өйткені, заман өзгерді, соған сәйкесті қоғам да өзгерді, соған лайықты адамы да басқаша. Сондықтан, жастары да өзгеше болып өсіп келе жатыр. Өзім немерелерімді көре отырып, мектептерге барып жүргенде мынадай ойға келемін: қазір мен осы шаңыраққа қайтып келсем, мұғалім бола алмайтын шығармын. Өйткені талап басқа, талам мүлдем өзгеше. Оған өкпелеуге болмайды. Уақыт солай.

Біз мектепте жұмыс істеп жүргенде негізгі пайдаланатын құралымыз бор мен карта, тақта болатын. Басқа не көрдік.

Солай десек те, ол уақыттағы мұғалімдер біздерге профессор, академиктей болып көрінетін. Қарапайым телефонның өзімен поштаға барып сөйлесетін заман еді ғой. Кейіннен өзім де ұстаз, директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары болдық. Сабақтарға кірдік, оны талдадық. Сонда байқағанымыз, Абайдың ең болмаса бір өлеңнің жатқа білмейтін, Біржан мен Сара айтысын білмейтін әдебиетші мұғалімдері де бар екен. Әл-Фараби мен Фарадейді айыра алмайтын физик-математиктердің, ендік пен бойлықты айыра алмайтын географтардың, қазақтың тарихын білмейтін тарихшыларымыздың жетіп артылатынын білдік.

Құдайға шүкір, қазіргі мұғалімдер мен оқушылардың білетіндері, тоқығандары мол. Шәкірттердің білім деңгейлері жоғары Халықаралық, бізше одақтық деңгейдегі жарыстарға қатынасып, жүлде иеленіп жатқандары да жетерлік. Спорт жағынан да солай. Біздің уақытымызда бір үйірмеге қатыспай, өнерден, спорттан мақұрым, тіпті күнделікті сабағын да жарықтап, мектеп бітіріп, мұғалім болғандары қаншама.

Тоқ етері, мені толғандыратын мәселе – балалардың оқуы емес, әуелі, олардың тәлім-тәрбиесі. Бүгінгі жастар арды білсін, өзіне-өзі есеп берсін. Жастардың нашақор болып, арақ ішіп, төбелесіп, бірін-бірі пышақтап, түрмеге тоғытылып жатқандары өкінішті-ақ. Үйленіп алып, бір жылға да жетпей айырылысып, сәбиін әкесіз (шешесіз) қалдыруы жанға батады. Үлкенді сыйлауды айтпағанда, өз әке-шешесін қарттар үйіне тапсырып, олардың зейнетақысына алып кетіп жатқандарын естисің. Мұныңмен қайда барамыз? Алдыңғы қатарлы экономикасы дамыған елдер санатына жетеміз деп Елбасымыздың дамылсыз еңбектетін жүргенін біліп отырмыз. Жастардың рухы биік болса ғана тұғырымыз берік болады. Бұл жөнінде ел болып, жұрт болып ойласатын мәселе жетерлік.

– Уақыт бөліп, сұхбаттасқыңызға рақмет!

Ой-отауда сұхбаттасқан
Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.

● ЖАЙ-ЖАПСАР



майға қуырылған тағамдар мен құрғақ тағамдарда да көп кездеседі екен. Бұның бәрінің басты себебі – қазіргі бидай өнімдерінде адамға үнемі шаршау белгісін тудыратын және артық салмақ әкелуге ықпал ететін заттар – гендік өзгерген немесе түрленген белоктар молекуласы кездеседі. Соның салдарынан нанды күніне үш-ақ рет – ертеңгі, түскі және кешкі аста тұтынатын адамның өзі үнемі шаршаудың айқын белгілерімен жүріп-тұратыны анықталған.

Сонда, алдағы уақытта адам баласы наннан біржолата бас тартуы керек пе? Әлде

Аурудың атасы НАН БОЛДЫ...

...Расында да "Аурудың атасы нан болды". Ренжі көрмеңіз, бұл – тойынғандықтан емес, күйінгендіктен айтылған сөз. Әйтпесе, "астың атасы нан" екені қаршадайымыздан санамызға сіңген. Атамыз: "Жас кезіміз ашаршылықпен тұспа-тұс келді. Өртел мен колхозда ала таңнан қас қарайғанша қара жұмыс істедік. Сондағы күніне алатын ақымыз – бір уыс бидай. Қырықтан асқанда төрт жыл сәбет-керман соғысында жүрдік. Тамағымыз көбінесе сіріңкенің қорабындай екі-үш қатқан нан мен қара су. Тіпті, соған да зар болған кезіміз аз емес", – деп айтатын. Сондай аштық зардабын көп тартқандықтан шығар, атам нанның қоқымы аяқ асты болса, қатты ашу шақыратын. Сол себепті, біздің үйде нанның жуындыға түсуі ілуде бір болатын жағдай еді.

Аллаға шүкір, біз атамыз көрген бейнеттің бірін де көрмедік. Заманымыз тоқшылыққа тұспа-тұс келді. Бірақ, әр заманның өз бейнелі болады екен. Аштық кезеңде "Астың атасы – нан" болса, мына тоқшылық тұста "Аурудың атасы – нан" болды. Тойынғандықтан шығарған біздің пәлсапа емес, талай ғылыми зерттеулер жасалып, осы күні дәрігерлердің өзі шыр-пыр болып айтып жүрген нақты шындық. Күйінетініміз, денсаулығымызға наннан келер зиянды біле тұра, қомағайлығымызға неге құрық салмаймыз? Нанды есепсіз жегеннің зардабын тартып жүрсек те, оған құмарлығымызды қалайша тоқтата алмаймыз? Оның да біз білмейтін себептері бар екен.

Сонда, нан құрамындағы ғылым дәлелдеген зиянды заттар қандай? Қазіргі ең көп айтылатыны – нан жеу семіздікке бастайды. Ғалымдар орта жастағы 60 мың әйел қатысқан зерттеу жүргізген. Сонда, бірінші сортты ақ нанды пайдаланған әйелдердің көпшілігінен қант диабетінің белгілері анықталған. Міне, осыдан кейін өлемге "ақ нан денсаулыққа өте қауіпті" де-

ген хабарлар тарады. Оның үстіне, осы күні медицина күнделікті ақ нанды және бірінші сұрыптағы ұннан жасалған басқа өнімдерді пайдалану – жүрек-қан тамырлары, эндокриндік, әсіресе, қант диабеті, асқазан-ішек және онкологиялық аурулардың туындауына басты себеп дейді. Ақ нандағы дәрумендер мен микроэлементтер орнында – ағзадағы калорияны тез және жылдам сіңіретін крахмалдар мол болады екен. Сондай-ақ, ол қандағы глюкозаның көтерілуіне бірден-бір ықпал ететін жоғары гликемиялық индекске ие көрінеді. Содан барып адамда инсулин көбейіп, майдың ыдырауы тоқтайды екен.

Жақында жүргізілген зерттеулер нан өнімдерінің денсаулыққа ешқандай пайда әкелмейтінін, керісінше, орасан зиянын тигізетінін анықтаған. Соның бірі, АҚШ-тың жүрек ауруларын зерттеуші ғалымы Уильям Дэвис нанның "ғасыр аурулары" – адамның созылмалы шаршау белгісін тудыратынын анықтаған. Өйткені, оның айтуы бойынша, соңғы кезде клиникаларға келуші науқастар күш-қуатының үнемі төмендеп, ойларын жинақтауға шамалары жетпейтініне шағымданған. Ал, доктор Дэвистің айтуынша, ұн өнімдерін тұрақты пайдалану ақыл-ойдың белсенділігіне нұқсан келтіріп, көп ойлануға кедергі келтіреді екен.

Осы шетелдіктер неге нан жемейді? Сондай-ақ, қазір Еуропа ғалымдары нан құрамындағы акриламид канцерогенінің көптігіне байланысты мұқият зерттеулер жүргізуге шақыруда. Олай дейтіні, ғылымда осыдан 10 жылдай бұрын белгілі болған бұл канцероген төбетті нан қабығында (корочка) өте көп мөлшерде болады екен. Бұл акриламид дегеніңіз тек нан қабығында ғана емес, сонымен қатар қуырылған картопта, барлық чипсы түрлері мен қызартып қуырылған картопта, кофе мен печеньелерде, кез келген

одан шығатын басқа жол бар ма? Ғалымдардың қазіргі ұсынысы – жоғарыда аталған акриламидті өнімдерді тұтынған кезде онымен қоса антиоксиданттарға бай, дәрумені көп арнайы қоспалар – көкөніс, жеміс өнімдерін қоса пайдаланған жөн.

Себебі, әлемдік ғылым осыдан 50-60 жыл бұрын өскен бидай мен қазіргі өсірілген бидай арасындағы айырмашылықтың өте үлкен екенін айтады. Көбінесе астыққа химиялық тыңайтқыштар көп қосылғандықтан олар түрлі өзгеріске түскен. Нәтижесінде, қазіргі бидайды тышқан жемейді. Себебі, бидайға мысықтың ДНК-сы қосылғанынан көпшілік бейхабар. Тіпті, мұндай ұннан жасалған нанның өзін тышқан тістемейді. Біз жей береміз... Сондай-ақ, бидайдың қатты өзгеріске түскен түрлері де көптеп шығарылған. Атап айтқанда, қазір астық өнімдері құрамына "глюадин" деген жаңа белок қосылатын болыпты. Соның нәтижесінде, адам миында тамақтана берсем деген қомағайлық сезім пайда болады екен. Демек, біздер тек нанды есепсіз жеумен-ақ денсаулығымызды төмендетіп береміз.

Сондықтан, тамақтанған кезде мүмкіндігінше нан жеуді шектеуіміз керек. Әрине, оңай емес. Өз басымыз, елге "нан жемеу керек" деу үшін табаны күректей екі ай бойы бір тістем нан жемеуге бекіндік. Қырық жыл қарбытып асап үйренген тағамды рационнан мүлде алып тастау қазақ баласына жеңіл тимейді екен. Алғашқы күндері тамаққа тойып алсаң да көңілің қоңылтақсып, әлдене жетіспей тұрғандай сезім көңіліңді алаңдатады да тұрады. Бірақ, шыдауға болады. Өйткені, нанды өзіміз жегіміз келгендіктен емес, әлгі глюадин ақуызы тудыратын қомағайлықтың себебінен жейді екенбіз. Нанды аурудың атасы деуімізге түрткі болған себеп те осы...

Төлеген ЖӘКІТАЙҰЛЫ.



Сапта жүру байқауы болды

Облыстың ішкі істер департаменті ғимаратының алдында қалыптасқан дәстүр бойынша киімнің жазғы үлгісіне көшуіне байланысты тәртіп сақшыларының сапта жүру байқауы өткізілді. Қысқы киімнен жазғы киімге ауысар кезде басшылық жеке құрамның сырт пішіні мен бой түзеуін осылайша тексереді.

Сондай-ақ полицейлер формасының Устав талаптарына сәйкестігіне ерекше назар аударылды. Қызметтік куәліктер де тексерілді.

ОІД бастығының орынбасары полиция полковнигі Б.Ералиннің айтуынша, бүгінде тәртіп сақшысы өз ісінің шебері болумен қатар, жинақы да таза киінуі керек. Жұртшылық полицейлерді ісіне қарап қана емес, сыртқы бет-бейнесіне қарап та бағалайды. Сол себепті ІІД-де жыл сайын сапта жүру байқауы өткізіліп, полицейлердің жазғы кезеңге әзірлігі тексеріледі.



Ант қабылдады

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің оқу орталығында (Қостанай қ.) ант қабылдау рәсімінің салтанатты іс-шарасы өтті. Бұл іс-шараға Қазақстан Республикасы Ішкі істер органының ардагері Даниал Надырбаев, Қостанай облысы ІІД-нің қызметкерлері, ата-аналар және оқу орталығының жеке құрамы қатысты. Ең алдымен еліміздің мемлекеттік Туы көтерілді, ал, Әнұранды көшегі тағылымдамашы, бүгінгі жас полицей өздерін Отанының патриоттары негізінде орындап шықты. Оларға қосылып, ата-аналар да айтты.

Жиналғандарды оқу орталығының бастығы полиция подполковнигі Т.Меңдібаев құттықтап, өзінің игі тілегін білдірді. Жас полицейлерді оқу орталығының басшылығы, ардагерлер, ата-ана құттықтады. Содан кейін антты жас полицейлерден оқытушылар қабылдаса, әр жас полицей болса алдағы қызметте адал қызмет ететіндігіне ант етемін деп баяндады.

– Құрметті подполковник мырза, оқытушылар! Сіздерге білімдеріңіз және патриоттық бағытта берілген тәрбиелеріңіз үшін алғыс айтамыз. Алда адал қызмет атқаруға ант береміз! Барлықтарыңызға рақмет! – деп жас полицей Мұқанбетқали Қажмұқанбет өзінің алғысын білдірді.

Жақсы оқығандары және оқу орталығының қоғамдық жұмысына, іс-шараларға белсене араласып, өздерін жақсы тәрбиелі көрсеткендері үшін, бір топ жас полицейлер басшылықтың бұйрығымен марапатталды.

Ант қабылдау рәсімінде жас полицей қызметкерлері музыкалық әуен сыйлап, ән орындады. Сонымен бірге жас полицейлер ортаға автоматтарымен шығып, жауынгерлік көрсетілімдерін, саптық шеруде қалай жүретіндіктерін көрсетті. Іс-шара соңында суретке түсу рәсімі болды.

Гүлбану ЕСЕНБАЙҚЫЗЫ,

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің оқу орталығы (Қостанай қ.) мемлекеттік тіл және ақпарат тобының инспекторы.

«Қостанай таңының» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы

МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР...



Бүгін – ғашықтар күні

«Махаббат – дүниедегі барлық күштің көзі, барлық қуаттың бұлақ-бастауы. Онсыз еш жерде жеңіс жоқ» дейді Әзілхан Нұршайықов. Қазақстанда 15-ші сәуір «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», яғни ғашықтар күні деп аталғалы бірер жылдың жүзі болды.

Білетіндердің айтуынша, бұл күн ешбір құжатпен белгіленбеген, ешбір тарихи оқиғаға байланбаған. Қазір бұл мерекенің ұлттық сипат алуына ғаламтор тұтынушылары күш салып жатыр. Сәуірдің 15-і күні түрлі блогтарда осы мерекені қолдауға

шақыратын жазбалар пайда болса, фейсбукте виртуалды ақын-дар мүшәйрасы да жарияланды.

СУРЕТТЕ: қыз бен жігіт жарасқан...

Суретті түсірген Бағдат Ахметбеков.

● **СЫРЛАСУ: «ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ» ЖӘНЕ МЕН»**

Әр санын асығыспен күтемін

Алаштың арысы, ақын Міржақып Дулатұлы айтқандай: «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы зор». «Қостанай таңы» сияқты басылымдар бар кезде, еліміздің өркендеуі даусыз. «Қостанай таңы» – ерекше басылым. Әр санын асығыспен күтемін. Газетте көптеген қызықты айдарлар бар. Әсіресе, газеттің спорттық «Дода» атты айдарын ерекше ықыласпен оқимын. Ауданымыз-

дың жастары туралы ақпарат та газет бетінде көрініс табады, бұл – қуанарлық жай. Нағыз отаншыл, халық дәстүрлерін құрметтейтін азаматтың міндеті – «Қостанай таңы» газетін жаздыртып алу деп ойлаймын.

Рауан БЕКТАСОВ,
Ы.Алтынсарин атындағы Обаған орта мектебінің оқушысы.
Алтынсарин ауданы.



Суретті түсірген Сабыр МОЛДАҒАЛИЕВ.



Бүгінгі санда:

Шебер қолдар



14-бет

Неге деймін де, ойға кетемін...



16-бет

Жеңісті қолдан бермеген




17-бет

Ән айтып, би билеп...



18-бет





Оқырманның сұрауы бойынша

Алтын бесік

Өні мен сөзін жазған Жәудір Артықбаева

Шөбі – майса, жұрты – жайсаң, туып, кіндік кескен жер,
Жаңбыр жауса, лай-батпағын жалаңаяқ кешкен жер.
Алқам-салқам қой қайырып, тай құлынмен ілескен жер,
Қарның тойса, құрбыңды аңдып, қайғы көрмей өскен жер.

Қайырмасы:
Жұмақ мекен туған жер-ай,
Мың жаялық жуған жер.
Құрт ұрлатқан қалтадан, бөу,
Шын балалық думанды ел.

Көше бойлап, асық ойнап, мәре-сәре болған жер,
Көже қайнап, көзім жайнап, кеудем нұрға толған жер.
Жантақ, тікен қаптаса да, бұл – мен үшін орманды ел,
Көп армандап, сол орманға бала қиял қонған жер.

Қайырмасы:
Жұмақ мекен туған жер-ай,
Мың жаялық жуған жер.
Құрт ұрлатқан қалтадан, бөу,
Шын балалық думанды ел.
Құр қалдым деп дүмбілден,
Қуаласып жүгірген.
Қайран, қамсыз бала күннің,
Қайрылмасын кім білген?

Жер аударып, арықты алып, ұрық, дәнек сепкен жер,
Бел – аңғарға шабыттанып құрық салып кеткен жер.
Тұңғыыққа малти алмай, жүзсек сүңгіп, шөккен жер,
Өуре-сарсаң, әбігер боп, өткеншегің тепкен жер.

Жүрек жыры

Төрле, көктем, құлпырып, жайна, көктем,
Сандуғаш боп, бұлбұл боп, сайра, көктем.
Қайда қалды, жас ару, балғын шағың,
Қарт аналар, жастығың қайда, көктем.

Жо-жоқ, мәңгі жассыңдар, аналарым,
«Қарт ана» деп келмейді жаралағым.
Жайна, көктем, жастықтың бағысың сен,
Аралағым келеді, аралағым.

Өмір мынау кей-кейде толған елес,
Қарсы алдыңнан күткендей орда-белес.
Мейрамынан ананың ұлы бір той,
Болған емес, әрине, болмақ емес.

Теңеу таппай отырмын өзге мүлде,
Қобалжу бар құттықтау сөздерімде.
О, аналар, сендерде – бақ-мұратым,
Тіршіліктің кілті де өздеріңде.

Жан емеспін күйіттер тек өз басымды,
Кейін қойдым өзіңнен өзге асылды.
Ақ таң, ана, бақыттан, шаттан, ана,
Ұрпақтарың көрмесін көз жасыңды.

Сұлулығы баянсыз жасандының,
Сезіле ме көктемнен масандығым?
О, аналар, құттықтап мерекемен,
Жүрек жырын шашу қып шашам бүгін.

Көктем келді

Ағып, тегі, зауламады-ау, жыр көктем,
Шабыт, сені қойғандаймын сүрлеп мен.
Еркелеткен Қостанайға дәл биыл,
Ерте жеткен сияқты ма бұл көктем.

Келші, көктем, енші, көктем, еліме,
Енші, көктем, шықшы тура төріме.
Қызғалдағын жайнап өскен қырқаның,
Қызғанбағын, бір иіскейін беріле.

Шегін, аулақ, ауыру мен аштығың,
Көгіңе аунап мауқын бассын жас құлын.
Көңілденер қатал қыстан шыққан ел,
Өмір берер шуағыңды шаш, күнім.

Шулап ертең бала бұлбұл сайрасын,
Туған өлкем, дала гүл-гүл жайнасын.
Өткендерді еске салып ару қыз,
Көктем келді, музам менің, қайдасың?

Тоғайбай БАБЫР.

Балдызым

Балдызым менің, қандайсың?!
Шындықты айтсам нанбайсың.
Қарасың бар қауіпті,
Тірідей өртей жаздайсың!

Көңілді тауып аулайсың,
Сусардай жалт-жұлт жайнайсың.
Сезімге шырпы-от тастар
Апаңнан аумай лаулайсың.

Ыстықсың маған, оттайсың,
Ұстай алмас шоқтайсың.
Жанымнан биік қоятын
Қарындасыммен жұптайсың!

Алғырсың, сынға шеберсің,
Ұстара демей не дерсің!
Айдай шынар, балдызым,
Жұлдыздай сыңар кездессің!

Қиялмен аңсап жүрсің бе,
Жолығып күнде түсінде?!
«Жетпей жүр базжа» десем мен
Әзіл деп оны түсінбе!!!

Ғабдолла АХМЕТЖАНОВ.

Рудный қаласы.

Бір құдірет

Өлең деген — өрнегі ақындықтың,
Өлең деген өнерге жақын жұртпын.
Сырлы сөзбен суреттеп сезімдерді,
Ту ететін тірлігін батылдықтың!

Анда-санда «құлы» боп сағыныштың,
Кеудені мекендейді жалыныш мұң.
Түнмен бірге томсарып кей сәттерде,
Ал, кейде қуаныштан алып-ұштым.

Досқа демей

Күйбең тірліктің панасын,
Сүйретіп, досым, барасың.
Уақыттан алған сынақтан
Бедерле бақыт бағасын.
Тағдырдың таңып жарасын,
Көрсетпей дұшпан табасын,
Бастаған ісің оңды боп,
Таба берсінші жарасым!
Біреудің жыртыпай жағасын,
Болмасын ешке таласың.
Сауап пен күнә жалғайтын,
Жер менен көктің арасын.
Өмірдің бойлай саласын,
Керегін өзің аласың.
Сүйеді құлын Төңірім,
Құрметтегенде анасын!
Тыңдасаң сөздің данасын,
Ажырата алсаң сарасын,
Арман қып жүрген бағаңды
Табасың, сонда табасың!

Түсінбей қала берем

Естеліктер жүрекке салады өлең,
Тек, бастысы, сезім деп санамап ем.
Бәрін де жанарынан ұғушы едім,
Неге сені түсінбей қала берем?

Өміріме енген бір жаңа леп ең,
Бәріне де үн қатар сана деген.
Ақылым мен ақындық болса-дағы,
Сені ғана түсінбей қала берем...

Толғанай ҚАЗЫМБЕКОВА.

Арқалық қаласы.

Адам жасы хақында

«Он жасымда ойна-
дым, асық аттым, топай
тарттым, оныңның қы-
зығына тоймадым.

Жиырмаға келдім,
ойын – тойдан қалма-
дым, сонда да бала-
лығымды қоймадым.

Отызға келдім, жі-
гіттің нар болатын кезі
екен, нағыз ақ алмастың
өзі екен, ойлағаныма
жетпей тынбадым, үл-
кенді сыйладым, сөз
маржанын жинадым.

Қырыққа келдім, қы-
рық жас та – бір дәуір,
ақ алмастай жарқыл-
дадым, аққан дария-
дай сарқылмадым, тау
қыранындай шаңқыл-

дадым, алдымнан ше-
пүсіз дау өтпеді, сөз
кезегі келгенде маған
адам жетпеді.

Елуге келдім, елу де-
генің де бір төбе екен,
шыққан төбем қарға
адым-ақ жер екен, ал-
дымнан екі айрық жол
шықты: қайсысының
жақын, қайда апара-
рын білмедім, тәуекел
деп тағы алға өрледім.

Алпысқа келдім, ал-
пысың да атан түйенің
жолындай-ақ жер екен,
ретсіз аттап жүргізбей,
жат босағасына тіреп
кіргізбей, әлекті салады
екен.

Жетпіске келдім,
жолдасым аса болды,
отырған үйім таса бол-
ды, аяққа тұсау түсті,
осылай деп жазыпты
құдіреті күшті. Ама!

жоқ, бұған да көндім.

Міне, сексенге кел-
дім, аталадан асым
болды, келін мен бала
басым болды, кемпір
деген қасым болды. Екі
көзден қалдым, көзден
қалғасын, сөзден қал-
дым. Артыма қарасам,
артым биік жар екен,
алдым терең күз екен.
Оң жағыма қарасам, оң
жағым жанған от екен,
сол жағым шапқыған су
екен, қай жағыма қи-
сайсам да, енді маған
өмір жоқ екен. Иә, енді
маған Жаратқаннан
басқаның жәрдемі жоқ
екен...».

(Жетес шепен)

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Мағжан.

Жаннан жақын көріп ем,
Адамзаттың бағы деп.
Біреу қуып төрінен,
Біреу айтты нағылет.
Жақын болу сенімен
Қандай қиын, Әділет?!
Серікбай Оспанов.

Бұдан... қанша ғасыр бұрын Екенін кім білсін, әйтеуір бір ілкі заманда Күн астында жері бай, жемісі жетерлік бір патшалық болыпты. Патшалықтың басшысы — Патша өте ақылды, көреген екен. Ол өзінің асқан данышпандығы арқасында көршілес басқа патшалықтардың бәрімен тату-тәтті тұрыпты. Патшаның, дәл өзіндей болмағанмен ақыл-айласы бір басынан асып-төгіліп жататын түрлі тұрпаттағы, қилы сипаттағы уәзірлері мен нөкерлері де, қатардағы қызметкерлері де көп болыпты. Патшалық күн өткен сайын дүркіреп, оның жақсы аты мұхиттың арғы-бергі жағындағы алыс-жақын елдердің бәріне жетіп жатыпты. Патшалықтың бір ғана кемшілігі бар екен: адамдарының (әсіресе ас-суы көптердің) қарны аша береді екен. Таңертең де жейді, түсте де жейді, кешке де жейді, таңғы аспен түскі дастарханның арасында да қарбытады, түскі аспен кешкі дәмнің ортасында да қалғытады, бірақ түк қайран жоқ, жеген сайын жегісі келе береді, жегісі келе береді... Қарыны құрымағыр тіпті шұрқырап қоймағасын біреулер түн ортасында тұрып сілтейтінді шығарса, біреулер таң алдында асауды әдет қылып алыпты.

Патшаның бар ақыл-кемеңгерлігін аямай жұмсап күндіз-түні ойлайтыны қайтсем халқымды тойындырамау деу болыпты. Әттең, не керек, бәрі бекершілік — буы бұрқыраған дәмді асты көргенде жұртшылық білектерін түрініп, қасықтарын жалақтатып өре түре келетін...

Олар үшін асыл тағамның үш кемшілігі бар еді. Біріншісі: жеуге бір үйреніп алған жанның жегісі келе беретін; екіншісі, көршісінің шайнамай қылғатқанын көріп отырған адамның, осы бір көріністің өзінен «ол нетіп жатқанда... мен неге... нете алмаймын... мен нетпесем... яғни, жемесем бәрібір басқа жейді» деп қараптан қарап отырып араны ашылып қоя беретін; үшіншісі, шектен тыс желінген ас адам ағзасындағы қан айналым үрдісін бұзып, бар күш тек асқазандағы қарекеттерді реттеуге жұмылатын, осының салдарынан мидың қызмет атқару қабілеті нашарлай түсетін...

Мына сұмдықтан қалай арылуды білмеген Патша көзінің қиығымен өзге патшалықтың жай-жапсарын байқайды, сенімді адамдардан сыр тартады. Сөйтсе, тойымы жоқ мешкейлер дәл етек алып өрбіп кетпегенмен, қай патшалықта да, қай заманда да ішінара болып тұратын таныс құбылыс көрінеді. Бірақ, бұл патшалықтарда көпшілік дәмге жүгінердің алдында тағам жеу Ережесінің баптарынан дұға оқып, және осы оқыған дұғамды қабыл қыла көр, яғни ішкен-жегенімді бойыма күш-қуат қып сіңіре көр деп көкке жалбарынады екен.

Патша он сегіз ғаламның тілін білетін небір оқымысты-ғұламаларын жинап жасатқан өз ережесін есіне алды. Тіпті ешкімдікінен кем емес осы ереженің қасиетті қағидаларын қандастарының қалай айналып кете беретініне қайран қалды. Ал көк ту-

жүзбен патша сарайының күмбезіне қарады. «Тек атын айт, — деді патша тағатсызданып, — жеті қат жердің астынан болса да таптырам». «Ұмытпасам, шөптің аты — әділдік, дәмі — ащы, иісі — кермек, көзге қораштау, тырбиған шөп... бірақ шын

гендей күреңітіп кеткен. Баланың таңданысында шек жоқ, кенет ол мынадай әділетсіздікке шыдамай жылап жіберді. «Көз жасыңды ағызба, — деді әкесі, баласына жекіп. — Сен әлі жассың, ештеменің парқына бара білмейсің... Мына сенің тапқаның — ол шөп емес, мүлде басқа». «Онда неге лақтырып тастадыңыз, ең боламаса, тістеп дәмін де көрген жоқсыз ғой, әке-ау». «Мен ненің дәмі қандай екенін онысыз да білем... ол емес дедім бе, демек ол емес...» Бірақ бала өмірінде ең бірінші рет өз дегенінен қайтпай (қайсар халықтың ұлы еді) тұрып алды: «Нанбасандар, қара да тұрыңдар, мен ертең тағы әкемем... сонда, апатайым, көрші өзің дәмін татып, бұл — сол, бұл — нағыз әділет». Бұдан соң ересектер үшін балаға шындықты айтудан басқа ештеме де қалмады. «Есікті тексеріп, тиегін сал, — деді, нөкер әйеліне қатқыл үнмен. — Енді тыңда, — деді сонсоң, әйелі есік-терезенің бәрінің жабық екенін мұқият тексеріп шыққасын, — жарайды, сенікі дұрыс-ақ болсын... сенің тапқаның сол шөп болсын. Бірақ білесің бе, оның ешкімге қажеті жоқ. Иә-иә, қажеті жоқ. Әділетті ел біреуден әділетсіздік көргенде, өзінің мүддесін қорғауға септігін тигізу мақсатында ғана іздейді... Кейін ұмытып кетеді... Өзің ойлашы, егер ол саған қандай да бір игілік әкелмесе, қандай да бір пайдаңа жарата алмасаң, ондай әділеттің не керегі бар? Ас құйып ішесің бе, әлде мойныңа асып жүресің бе? Есінде болсын, ол ештемеге де жарамайды, ең бастысы, жеуге келмейді...», — әке ұзақ сөйледі. Дегенмен, бала да дегеніннен қайтқан жоқ, себебі ол өмірдің қулық-сұмдығына үйренбеген жас та таза еді және ол жуырда ғана әділет шөбін жеп көрген болатын. Сонда нөкер ең соңғы сөзді айтуға тура келді. «Балам, бәкім сенің айтқаның, сенің ойлағаның дұрыс та шығар, — деді амалы таусылған әке, — бірақ біздің саған жамандық ойламайтынымызды білесің ғой, сайып келегенде, біз сен деп өмір сүріп жүрген жандармыз... менің сені алдайтындай еш себебім жоқ... ал әділетті іздеуден аулақ бол дейтінім... — нөкер осы жерде көкейіндегі сөзді қалай шығарып айтуға білмей, біраз жөткірініп алды, — мұның арты жақсылыққа соқпайды... сенен бұрын да талайлар бұл шөпті іздеген... тапқандар да болған... бірақ олардың ғұмыры ұзаққа бармайтын... иә-иә, ұзаққа бармайтын... қыршынынан қиылып кете беретін... біздің сені жоғалтқымыз келмейді... біздің, яғни шешен екеуміздің өміріміздің жалғасы да, мәні де сенсің... қайдағы бір шөпке бола барымыздан бір күнде айырыл деймісің, күнім-ау». Осыны айтқанда нөкердің шаралы жанары жасқа толып тұр еді.

Бірақ, осыншама жалына сұрағанына да, әкелік құқығын пайдаланып сес көрсеткісі келгеніне де қарамастан жанашыр әкенің әділетті іздемеу туралы ақыл-кеңесі қайсар ұлдың көкейіне қонбай қойды. Ол өмірінде алғаш рет сүйікті әкесінің айтқанын тыңдамауға бел буып, үйінен шығып бара жатыр...

Әбүтәліп ӘМІР.

Қостанай қаласы.



ралы ойлағанда патша сәулетті сарайдың ашық терезесінен көкпенбек болып мұнартақан аспанға қарап «олар оны ұмытқалы қаш-а-ан» деп ызалы күлкімен мырс етті...

Күндердің бір күнінде патша өзінің қабырғасымен кеңесе келе патшалықтағы ем-домшыларын жинап алып мынадай ой айтты: «Кімде-кім, өз еріктерімен емес, әлдебір аты жоқ сырқаттың салдарынан тойымсыздық дейтін дертке душар болған мына пақырларды бей-берекет тамақ ішуден тоқтатып дәрі ойлап тапса, соған ат басындай алтын берем». «Енде-ше оларды алдымен құстыру керек, сөйтіп, науқастың денесінен жүрекке қосалқы күш түсіріп, миды уландыратын артық майды сылып алсақ, адам ағзасы өзі-ақ аурумен күресіп, науқастың беті бері қарайды» деген пәлсапа соқты қомағайлыққа әлі ауызданбаған бір балгер. Басында бәрі: «жөн.. жөн...», «өстіп бір нетіп...», «ойбай-ау, тіпті ойымызға келмепті-ау...» деп шулай бас шұлғысқандарымен бұдан бәлендей нәтиже болмады. Адамнан айла асқан ба, жүрек лоблығатын ішіртіп ойлап табылған күннің ертеңіне, оған қарсы асқазанның қыжылын басып, жүрек айнуын тоқтататын дәрі-дәрмектер қаланың орталық базарында қат-қаттап, қап-қаптап сатылып жатты...

Бірде патша түс көрді: түсінде әнбилер аян беріп жатыр екен дейді... «Бұл өзі әу баста қапы кеткен қателік болатын... ұрлап жеуге үйреніп кеткен адамда ындын деген болмайды... енді бұл кеселден айықтыратын шөп іздеткізіп таптыр... шөптің аты...» Тап осы кезде патша оянып кетіп, түс үзіліп қалды. «Қап» деп ойлады патша, әлгі шөптің атын толық естіп үлгермегеніне өкініп. Сосын, бас жүлдіз жорамалшысын шақыртып алып мән жайды айтып берді. «Апырай, ә, — деді жорамалшы, тамағын кенеп қойып, — бағзы бір заманда біздің атабағамыз мұндай сырқатқа шалдыққан жанға әлдебір шөптің тамырын қайнатып жұтқызады екен... ал енді қазіргі күні мұндай шөпті таба алар ма екенбіз?» — деп сауалды

ықылас қойып ішкен адамға бірден-бір шипа... тек науқасқа шалдыққан адам, (соз аурудың соңысы жаман ғой), қайталап қалмас үшін оның түнбасын ас ішердің алдында үнемі бір қасықтап жұтып отыруы керек, сонда оның бойында қанағат сезімі пайда болып, ас көрсе жалмаңдамайтын болады», — деді жорамалшы ойлы жүзбен.

Патша сол мезетте-ақ қарауындағы уәзірлерін шақырып алып, мәселені тікесінен қойды. «Шөптің аты — әділдік, дәмі — ащы, иісі — кермек. Табыңдар, тырбиған шөп». Нөкерлер сол сәтте-ақ атқа қонды. «Іздейтіміз — әділдік. Дәмі — ащы, иісі — кермек, өзі көзге қораштау». Нөкерлер көп сабылды, бірақ табылар шөп жоқ. Тексерілмеген төбе, сүзілмеген су, барылмаған батпақ, ізделмеген орман, кезілмеген дала қалмады. Жер жұтып қойғандай зымзия жоқ. «Ие, не қылдыңдар таптыңдар ма?» — деп сұрады бірде, әйтеуір бірдеңе сұрау керек болғасын жоқ шөптің соңынан қуып жүрген бір нөкердің әйелі кешкісін шаршап-шалдығып келген күйеуінен. «Қышқыл дүниеге ұсақ мал өш болады дейтін еді, бәкім қой-ешкі жеп қойған шығар, жоқ» деп жауап берді нөкер де әйтеуір бірдеңе деп жауап беру керек болғасын.

«Сіздердің сабылып іздеп жүргендеріңізді мен таптым», — деді ойламаған жерден нөкердің баласы, әлденені артына жасыра ұстап тұрып. Табан астында түрлері бұзылып кеткен ата-ана ұлдарына қарай қалды. «Міне, тура әділдіктің өзі, — деді жеткіншек жүзі балбұл жайнап, сөйтті де, артында тығып ұстаған шөпті көрсетті. Нағыз әділдіктің өзі: дәмі — ащы, иісі — кермек, түрін көрдіңдер ме тырбиған... мен шайнап та көрдім... сөлі адамға шынымен-ақ қанағат сезімін береді», — жасөспірім қуанышын жасыра алмай тұр.

Бастапқыда әке-шеше, тіл қатуға шамалары келмей сілейіп тұрып қалды. Сосын сәлден соң естерін жиғасын, әкесі ұлының қолындағы шөпті жұлып алып, жанып жатқан пешке лақтырып жіберді. Өңі өрт сөндір-



Жанат Дербисева, кәсіпкер

Мейірім мен жан жылуы болса болғаны

– Негізгі мамандығым фельдшер. Тұрмыс құрып, отбасылы болған алғашқы жылдарда білімім бойынша еңбек еттім. Күн-түн демей сырқаттардың шақыртуларына баратынбыз. Екі бала, отағасының жайын ойлап кейін бәрін де қоюға тура келді. Бірақ үйде отыру оңай емес. Адам болған соң бір іспен айналысқанға не жетсін. Сөйтіп жүріп жүйелік маркетингпен айналысамын деп шештім. Қазір ондайлар көп. Бірақ мен кәдімгідей жетістікке қол жеткіздім. Тіптен Мәскеуге де барып оқып келдім.

– Шынымен де бүгінде ел арасында «сетевой маркетинг» аталып кеткен істің ертеңі бұлыңғыр дейтіндер көп. Ал сіз осы іспен кәдімгідей айналысқан екенсіз.

– Иә, мен өзі бірдеңені қолға алсам соңына дейін жет-

пей қоймаймын. Осы мінез өз алдыма жеке кәсіп ашуда көп көмек болды. Жүре келе ол саламен көп жүре алмаймын деп пәтер алып, іші-сыртын дұрыстап, өзім қолға алдым. Шаштараз, маникюрмен айналысатын қыздар жинап, оқуға жібердім. 8 шаштаразға дейін еңбек етті. Осылай ақырындап, дамып келе сән салоны ашылды. Шыны керек, алған қыздардың жұмысына көңілім толмады. Сол себепті өзім Алматыға барып, оқып, жан-жақты үйреніп келдім. Өз клиенттерім бар. Тұрақты түрде келіп тұрады.

– Салонның аты «Астра» екен. Астра гүлін ұнатасыз ба?

– Бұл гүлге орайластырып аталмады. Негізі номерлерге қатты сенемін. Мен жұлдызнамама 5 саны және «А» әрпімен басталып аяқталатын сөз керек болды. Ойлана келе

осындай атауға ие болды. Қазір ісіміз алға басып келеді. Сол 2005 жылдардың өзінде біз ауданда кірпік, шаш, тырнақ өсіруді қолға алдық. Ол кезде ондай қалада да сирек кездесетін еді.

– Жақында ауданның атынан облыс әкімінің кәсіпкерлермен кездесу кешіне келген екенсіз.

– Жалпы әр кәсіпкер айналасына пайдасын тигізуі керек деп ойлаймын. Біз шамамызға қарай үнемі зейнеткерлер мен балаларға 50 пайыз жеңілдік береміз. Аудан-



дағы орталық бақтың салынуына үлес қостық. Мешітке де керектерін бөлеміз. Әрине, бәрін қолдан келгенше жасайсың.

– Әйел адамына қосар ақылыңыз.

– Әдемі болыңыздар. Осының бәрі де әйел әдемі болса екен деген құштарлықтан туындаған кәсіп. Басты мақсат байып, ақшаға кенелу емес. Жақсы көретін ісіңнен жан рақатын табу. Екі ұлым, екі келінім, екі немерем бар. Жолдасым да барлығы қолдап отырады. Сондықтан мейірім, жылу бар жерде бәрі де жақсы болады деп ойлаймын.



Шебер қолдар

Менің жерлестерім қолөнерге де, ұсталыққа да бай. Олай дейтін себебім Жанкелдин ауданына қарасты Қызбел ауылында тігін тігіп, ісмерлікпен айналысатын аға-апаларым көп. Бұған дейін де газет беттерінде жарыққа шығып жүрді. Бұл жолы мен сондай жандардың бірі Қуаныш Жүсіповамен таныстырғым келіп отыр.

Бәрі де қызығушылықтан бастау алды. Бұл өнер нағашыларынан дарыса керек, кішкентайынан шұғылданып келеді. Кейіннен Арқалық қаласында кәсіптік училищесінің тігінші мамандығына оқуға түсіп, ойдағыдай тәмамдап шығады. Осыдан кейін киім-кешек, қоржын, төсеніш түрлерін де тігуді қолға алады. Ұлттық қолөнер бұйымдарын да асқан шеберлікпен тігіп жүр. Бір ғана мысал: ауылда өтетін түрлі мерекелерде кейіпкерлер мен қатысушыларға қалауынша киімдер дайындап береді. Мектеп оқушыларынан құралған бишілер то-

бына талай мәрте бірдей киім тігіп берген. Олар әлі күнге көптеген кештердің сәнін кіргізіп, ажарын ашуда. Сондай-ақ түрлі тапсырыстарды да қабылдайды.

Қуаныш Жүсіпова бертінде Астана қаласындағы гуманитарлық колледжіне оқуға тапсырып, технология пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықты. Бұрыннан келе жатқан өнері мен алған білімдерін ұштастыра білген соң ауыл мектебіне жұмысқа да орналасты. Бүгінде сабақ жоспарына сай оқушыларды еңбекке баулып жүр. Бұдан бөлек «Шебер қолдар үйірмесі» жұмыс жасайды. Шәкірттеріне білгенін үйретіп, барын салауда.

Алты баланың анасы Қуаныш апамыз отбасының шуағы ғана емес, шын мәнісіндегі ісмер. Бүгінгі кейіпкеріміз секілді қыз-келіншектер аразыда баршылық. Бастысы, ондай жандардың талпынысын қолдап, шеберлігіне сай бағалай білсек болғаны.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
ҚМУ-дың студенті.



льоны болдық қой, Қостанайға жеткенше әңгімелесіп барамыз», – деп қыздардың есімдерін сұрап, қуанып жаттым. Жасы кішілеуі Назгүлмін деді, екіншісі Ақсәуле болып шықты.

Қасымдағы қыздар маған қарапайым, тәрбиелі көрінді. Үндемей екеуі шүйір-келесіп отыр. Ал мен шаршағанымды айтып, жатып дем алам дедім. Сіңілім екінші қабатқа көтеріліп, мен бірінші қабатқа жайғастым. Пойыздың жүрісі бесік тербеткендей әсер берді де, мен тәтті ұйқыға кеттім. Арадан қанша уақыт өткенін білмеймін. Қыздардың қатты күлкісінен оянып кеттім. «Су-ли-фа, су-ли-фа» деп әлгі қыздар саусақтарын шошайтып, ойынға беріліп кетіпті. Ойыннан жеңілгені көрші купеге барып: «Мяу-мяу, мен сары мысықпын, маған тәтті ірімшік беріңіз-

дерші, немесе ер азаматқа мен сізді бір көргеннен ұнатып қалдым» деген сөздерді айтуы керек екен.

– Қыздар, естеріңнен ауысқаннан саумысыңдар. Мынау не ойын? Іштерің пысып жатса, басқа ойын жоқ па ойнайтын? – дедім

– Апай, кешіріңіз, біз сізді оятып жібердік пе? – деп жатыр олар.

– Оянып кеткенім үшін емес, сендердің қылықтарың үшін ұялып тұрмын.

– Оның несі ұят, онсыз да оқуда, жұмыста байсалды болып жүреміз, біз балалалық шаққа саяхат жасап осы ойынды есімізге түсіріп, бірден бастап кеттік. Келіңіз, сіз де ойнап көріңіз, сізге міндетті түрде ұнайды.

– Жоқ, рахмет! Егер тағы осы ойынды ойнап купені бастарыңа көтерсеңдер маған ренжімеңдер, пойыз басшылығына шағым түсірем.


– О, боже! Басталды әне! Тәте ренжімеңіз, сіңіліммен құрбымның купесіне кетеміз. Қазір бізден құтыласыз.

Осы әңгімеден кейін әлігі апалы-сіңілі купеден шығып кетті. Ал мен қанша

ұйықтауға тырыссам да, дөңбекшіп ұйықтай алмай-ақ қойдым. Сағатқа қарасам түнгі 11:30. Әлгі Назгүл мен Ақсәулені ойлап терең ойға шомдым. Біраз уақыт өткесін купеге Назгүл келіп, ақырын орнына жайғасты. Мен әлі ұйықтамай жатқанымды айтып одан жасы нешеде екенін, қайда оқитынын сұрап жатырмын. Ашық-жарқын Назгүл небәрі 18-де екенін айтып Астанадағы бір колледже білім алып жатқанын, ал қасындағы әпкесі Ақсәуле Қостанайда бір мемлекеттік қызметте жұмыс істейтіндігін айтты. Мен одан неге осындай ақылға қонымсыз ойындарға құмарсыңдар деген сөзіме, ол жай ғана күліп: – Неге сұрадыңыз?! Бұл ойынды білмейтін жас жоқ. Бір оқу орындағы топтағы қыз-жігіттермен бәстесіп қалсақ, шешім табылмаған жағдайда осы су-ли-фа ойынын ойнаймыз. Жақсы емес пе, ойыннан жеңілген адам алдын ала кесілген өтінішіңді орындайды.

Ары ойлап, бері ойлап, су-ли-фа ойыны ойымнан шықпай-ақ қойды. Бойжеткен қыздарға осы да ермек екен. Қызық.

Дамира ЖҮСІПБЕКҚЫЗЫ.



БІЛГЕНГЕ – МАРЖАН

Ай мен Күн

Ай сөзі айяз тұлғасынан шыққан. Айяз тұлғасы көне түркі тілінде "таза" деген мағынаны білдірген.

Аңыз бойынша Ай мен



Күн егіз туған керемет сұлулар екен. Өсіресе Ай сұлуырақ болып мақтанып, Күннің қызғанышын тудырады. Күн Айдың бетін тырнап, оған дақ түсірген деседі. Ай бетіндегі қарауытқан дақ осыдан қалған-мыс. Айдың кеш туғанын және кемігенін тілімізде ай қорғалады тіркесі арқылы береді. Күнге жақындап барғанда Ай "қорғалап" бетін жасырады, ал қашықтағанда Ай толып, Күнді қызықтырып, бетін түгел көрсетіп, ереуілдейді. Бұл ертедегі Ай мен Күннің өзара орналасуына байланысты жаңа Ай, ширек Ай, толған Ай болып Ай түрінің өзгеру құбылысын түсіндірмек болғаннан туындаса керек.

Қазіргі тілімізде Ай және Күн атауымен байланысты ай қорғалау, бетін айдай қылу, ай қарап

отырма, айың оңынан тусын, күн тоқырады, күн жайлату, күн қайыру сияқты этнофразеологизмдер көп. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілеріндегі сөз қолданыстарына қарағанда Айдың

қадірі Күннен артық болмаса кем түспейді. Мәселен, "ай десе аузы, күн десе көзі бар" деген теңеу соның дәлелі. Айсұлу, Күнсұлу, Айбала, Күнімай, Айкерім, Айкүнім,

Айжарық сияқты есімдер атаулары халықтың рухани дүниетанымында көп тараған.

Айдың ортасында Ай тура Күнге қарама-қарсы тұрады да, бізге толған ай болып көрінеді. Ақындар поэзия тілінде сұлу қыздың бейнесін толған Аймен салыстырып, соны теңеулер жасайды. Мысалы:

Жалғыз қызы Гүлбаршын

Он бесте туған ай еді

(Алпамыс батыр)

Ал тіліміздегі "күн көру", "күнелту", "күні қараң", "маған да күн туар", "күнің маған түсер", "күнің өшкір" сияқты тұрақты тіркестер мен сөз қолданыстардың мазмұнынан күннің жердегі тіршіліктің көзі екенін халықтың дүниетанымдық көзқарасынан аңғаруға болады.

ПІКІР

Дұрысы "тиым" емес, "тыйым"

"Тыйым", "сыйымдылық" деген сөздерді "тиым", "сиымдылық" деп қате жазатындар бар. Негізінде, қазақ тілінің ережесіне сәйкес й өрпі і, ы дыбыстарынан басқа дауысты дыбыстардан кейін ғана қолданылады: ай, ой, үй. Бірақ бұл ережеге бағынбайтын екі сөз бар, олар: тый, сый.

Тый, сый деген сөздер түбір тұлғаларында да, оларға қосымша жалғанғанда да йй өріптері арқылы жазылады: тый, тыйым салу, сый, сыйлық, сыйымдылық.

И дыбысына біткен етістіктер мен сый, тый деген етістіктерге -у, -а жұрнақтары жалғанғанда, олар ю, я болып жазылады (тек "сый", "тый" деген сөздерде й өрпі түсіп қалады, ы өрпі сақталады): қи+у- қию, қи+а- қия, ки+у- кию, сый+у- сыю, сый+ады- сыяды, тый+у- тыю.

Г.АХМЕТОВА,
қазақ тілі маманы.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Теледидардағы жарнама САУАТТЫ МА?

Теледидар арқылы беріліп жатқан жарнамаларды қарап отырсаңыз, қазақ тіліне жат қолданыстар жиі орын алатынын байқайсыз. Мысалы, "Сүйікті кофенің қанық дәмінен рахат аламын", "Президент сүзбесінің дәмі жұмсақ және қанық келеді". Осы аталған жарнамалық слогандар сөтті шықты деп айту қиын. Адамның ойында тез жатталғанымен, құлаққа түрпідей тиеді. Дұрысында, "қанық" сөзі дәмге қатысты емес, түске қатысты қолданылады. "Бояуы қанық", "қанық түсті" деп жатады. Екінші сөйлемдегі дәмі жұмсақ деген тіркес те орынсыз сияқты. Бір-бірімізбен сөйлесу кезінде дәмі тіл үйіреді, хош иісті деп айтамыз. Сөйлем құрауда да қателіктер жетерлік. Сол сияқты орыс тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріп, "төраға" сөзін "төрайым" түрінде қолдану белең алған. Негізі, қазақ тілінде төраға сөзі ер адамға да, әйел адамға да қатысты қолданыла береді. Сонымен қатар, аға ғылыми қызметкер деген тіркес бар да, апа ғылыми қызметкер немесе әпке ғылыми қызметкер сияқты қолданыстар жоқ. Сондықтан мұндай сөздерде әйел не ер адамға қатысты жіктеудің қажеті шамалы.

Теледидар арқылы берілетін жарнамалардан "Ана сүтінің алмастырушысы болып табылмайды", "Бояу түсі ұзағырақ сақталады", "Шексіз ләззаттың кішкентай бөлігі", "Әлсіз шаш маған төн емес", "Күтпеген ауа-райы", "Айнадай жылтырауды бекіту үшін... ұсынамыз" сияқты сөйлемдерді естисіз. Тыңдап отырып күлкіңіз келеді. Өзіңіз ойлап қараңызшы, сонда ләззаттың



кішкентай бөлігі бола ма? Ол қандай бөлік деген сауал туындайды. Әлсіз шаш адамға төн немесе төн емес болатындай адамгершілік қасиет емес қой. Сонымен қатар теледидардағы жарнамаларда "әр сенбі сайын", "әр күн сайын" деген тіркестер жиі қолданылады. "Өр" сөзі сайын сөзімен тіркеспесе де түсінікті. Дұрысында, "әр сенбіде" немесе "сенбі сайын" деп айтса, жетіп жатқан жоқ па? Мұндай олқылықтарды көргенде Ахмет Байтұрсынұлының: "Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды", – деген сөзі еріксіз ойға оралады. Ендеше, сөйлемнің құрылысы мен қалыптасқан тұрақты тіркестерді бұзып, сөз арасын бөтен сөзбен былғаудың қажеті жоқ.

Әлбина БАЙҚАС,
А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназияның мұғалімі.

Арқалық қаласы.

АУДАРМА АСТАРЫНА ҮҢІЛСЕК



Қазір "киоскіні" дүңгіршек деп жүрміз. Тілімізге орыс тілі арқылы енген түркінің "киоскі" сөзін – "дүңгіршек" деп қазақшалау қаншалықты сөтті болды? Бұл сөздің шығу төркініне келсек, "көшкі", "көшік" – хандардың көшіп-қонуына ыңғайлы етіп жасалған шағын, жазғы сарайларының атауы екен. Тағы бір тіл маманы "киоск" ("kiosk")

ҚЫСҚАША

Жер астынан жік шықты...

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде "жер астынан жік шықты, қос құлағы тік шықты" деген сөз тіркесінің "табан астынан бөле шықты", "ойламаған жерден кісімісіп, ақылдымысып шыға келді" деген мағыналары берілген. Мұндағы "жік" дегеніміз не? Түсіндірме сөздікте "жік" деген сөздің бірнеше мағынасы келтірілген: 1. Екі нәрсенің айырылар жапсары, шекарасы. 2. Жақ, сала, бөлініс. 3. Ағым, партия. Жік жазбады, жік салды, жік түсті... Жікті шайтан деп түсіндіретіндер де бар. Бұл тіркес "араға шайтан түсті", "шайтан азғырды", "еріктен тыс қуш араны бұзды" деген мағынаны да білдіреді.

ДҮҢГІРШЕК дегеніміз не?

сөзі түркінің "қос" деген сөзінен туындаған дейді. Қос – көшпелі қазақ тұрмысында көшіп-қонуға ыңғайлы тігуі, жығуы, алып көшуі оңай уақытша тұруға арналған шағын баспана. Ал "Веб-стер сөздігі" ағылшын халқының "киоск" сөзін "жан-жағы ашық жазғы терраса үй" деген ұғымда газет-журнал сататын жеңіл құрылымның атауы ретінде қолданатынын айтады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде "дүңгіршек" сөзінің екі мағынасы көрсетілген. Дүңгіршек – қатық, қаймақ не

май салынатын шұңғыл шағын ыдыс. Бұрын малдың ұлтабарынан кептіріп жасалған, ішінде ештеңе болмаса дүңгірлеп тұратын ыдысты да осылай атаған, байырғы шеберлер оны қайыңның безінен қақпағымен бірге оюлап жасаған. Дүңгіршек кейде асқабақтың қабығынан да жасалады. Екінші мағынасына келсек, мойнында ашылып, жабылып тұратын қақпағы бар шөптің бір түрінің атауы да дүңгіршек. Киоскіге қайсысының қандай қатысы бар екенін өзіңіз болжай беріңіз...

ҚАНАТТЫ СӨЗ

Не болса ол болсын, айды аспанға бір-ақ шығардым

Мейлі оң, мейлі теріс болсын, әйтеуір көңілімдегі айтарымды айтып қалдым, дегенімді істедім деген мағынаны білдіретін сөз. Осы сияқты ойларын халық Қожанасыр айтыпты деген аңыз нақылмен білдіреді.

Қожанасыр түнде тұрып, құдықтан су алуға барса, су бетінде ай сәулесі тұрады. Арқан байлаған шелегін құдыққа түсіріп, енді тартып алайын десе, шелегі бір нәрсеге ілініп қалып шықпайды. Қожа олай тартады, былай тартады. Құдықтың шеңберіне аяғын тіреп, бар күшімен тартып қалғанда арқан үзіліп кетіп, өзі шалқасынан құлайды. Көзін ашса, аспанда жарқырап ай тұр. Сонда Қожанасыр: "Не болса ол болсын, құдықтың түбіндегі айды аспанға бір-ақ шығардым ғой", – деп орнынан тұрып, жүре беріпті. (Қожанасыр аңыздарынан)

"Сөз әлемінде" жарияланған материалдарға қатысты ой бөліскен белсенді оқырмандарымызға алғысымызды айтамыз. Ойға ой қосыңыз, пікірталасқа сіз де қатысыңыз, құрметті оқырман!

Бетті әзірлеген Мнауара ҚАБДРАХМЕТОВА



● ЖАС САРБАЗ

Егемен елдің қорғаны

Мына суреттегі сарбаз Әділет Тохсанов әскери міндетін өтеуге Қарағанды облысы, Абай қаласынан келіпті. Өткен жылдың 26 желтоқсанында келген жігіт Қостанайға үйренгенін айтады. Мұндағылардың бірі – бір үйдің тұңғышы болса, екіншісі – әппештеп отырған еркесі. Олардың бір-біріне үйренісіп, ортаға тез бейімделіп кетуі қиын, дейді басшылықтағылар.


– Сіздердің газеттеріңіз арқылы Абай қаласында тұратын әкем Байбол Оразбекұлына менің оралуымды күтіп жүрген анам Батима Жапбасбаеваға сағынышты сәлем жолдаймын.

Дойбы ойнаймыз, марш жасауды үйрендік. Таңғы астан кейін біздер әскери бөлімнің алдында Калашников автоматтың қолдану арқылы оқу-жаттығу жұмыстарын өткіземіз. Ұрыс алаңы жайбасарлықты көтермейді. Жауынгер 30 секундта қаруды оқтап болуы керек. Мәселен, Калашников автоматтың 30 оқ салынатын болса, сарбаз әр оққа бір секунд уақыт жұмсауы тиіс, – дейді ол.

Қаңтар айының аяғында қаладағы 6697 әскери бөлімде әскери өмірдің ыстығы мен суығына үйрене бастаған сарбаздар әскери ант қабылдады. Мұнда қатаң әскери тәртіп қалыптасқан.

Күн сайын сарбаздар қоғамдық қауіпсіздікті қадағалау үшін көшеге шығады.

– Алғаш әскерге келгенде жабығып, туғандарымды сағынып жүрдім. Ал қазір казарма өз үйіміздей болып кетті. Қолым қалт етсе ата-анама, достарыма хат жазамын. Ал әскер әлсіздікке жол бермейді. Бұл жерде үйдегі еркіндіктің барлығы ұмытылады. Әскердің өз талабы мен тәртібі бар. Сондықтан әуелгі уақытта кішкене қиналдым. Қазір әскердің қатал тәртібіне үйрендім. Әскер ең алдымен бізді ширақ қимылдауға, өз бетімен өмір сүріп, шешім қабылдауға үйретті, – дейді Әділет бізбен әңгімесінде..



Неге деймін де, ойға кетемін...

Күнде немеремді ертіп алып, саябаққа барамын. Көктем болған соң ба жастар жағы көңілді. Бәрі де жалаңбас. Құс келіп құс қайтар уақытта жалаңбас жүрмеу керек деп отырушы еді бұрынғылар. Қазір ондай ақыл айтар жандар азайған-ау шамасы. Бірақ менің көңліме ой салған бұл жай емес. Бүгінгі күннің жігіттері тым нәзік болып бара жатқандай. Киген шалбарлары денелеріне жабысып, өздері де сызылып жүреді ме қалай? Қазіргі күні "қыз мінезді жігіттер" жайында көп әңгіме айтылатын болды. Неткен масқара десей. Нәліктен қазақтың жігітері осындай болып өзгерген. Бұған әлде отбасындағы тәрбие, әлде ана құрсағына біткеннен гөндік өзгеріске ұшырайды ма екен. Болмаса мұның мәніс басқада жатқан шығар.

Психолог мамандардың пайымынша, отбасындағы әке тәрбиесінің жеткіліксіздігінен жігіттердің мінезі жібектей болып кеткен дейді. Рас-ау. Бұрындыры әке деген темірдей болатын. Балабақшада тәрбиелейтін – әйел, мектепте сабақ беретін – әйел, үйде үлгі көрсететін – әйел. Осылардың барлығы баланың санасына өз әсерін тигізіп бағады. Әкесі бола тұра әкесіз өсетін қаншама балалар бар.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі бойжеткендердің аузынан: "Осы өмірім өзіме ұнайды. Кейін өзім үшін біреуін туып аламын" дейтін қасаң пікірді жиі еститін болдық. Дәл осы есеппен туылған баланың алды өсіп қалды. Мұның сыртында балаға деген жауапкершіліктен жалтаратын қашқын әкелердің ұрпақтары тағы бар.

Алимент төлеуден қашып жүрген әкелердің дені баласының бүгінгі тәрбиесіне, ертеңгі болашағына тіпті де басын қатырып жатпайды. Бәрінің шешімі біреу – бала анасымен қалады. Әкенің айба-рынан сескеніп, әрбір ісінен өнеге алатын толыққанды отбасыдан шығатын бала аз.

Жақында Бауыржан батырдың келіні Зейнеп Ахметова: "Бүгінгі күннің еркектері әйел болып киінуге әуес. Тіптен әртістер де. Әйел болып киінген еркектің ішінде бірнәрсе бар" деген еді. Осы дұрыс шамасы.

Ұл баланы – ұлша, қыз баланы – қыз сияқты тәрбиелеуіміз керек. Әр баланың өз орны бар. Осыған көңіл бөлейікші.

Бақытжан ҚАМБАРОВ.

Бүгін

ғашықтар күні екен...

Бірде автобуста келе жатып, орындықтың жанынан шағын ғана дәптерді тауып алдым. Сыртына қарасам жай ғана кәдімгі дәптер. Оқушы түсіріп алған екен деп ақырын ашып қарадым. Жазуы мүлде бала емес, ересек адамның жазғаны. Еріксіз оқыдым. Қазақша жазылған. Жан-жағымда отырған адамдар аз. Осындай дүние жазды дейтіндей адам да жоқ. Не болса да біреу түсіріп алды. Бүгін 15 сәуір Ғашықтар күні деп жатырмыз ғой. Дәптердің иесінің рұқсатынсыз шамалы ғана үзінді келтіргім келді. Сезімге толы күнделікті жігіттер де жазады екен.

(Бір үзік сыр)



● ЖІГІТ КҮНДЕЛІГІНЕН

Бүгін мен сені тағы көрдім. Жүрегім шым ете қалды. Тым жүдеп кетіпсің, жаным. Сыртыңнан қарап жүрегім езіліп кетті. Сондааайй сағыныш. Бірақ.... Бірақ. Бірақ бір бітпейтін бірақ шаршатып жібереді мені. Сені ұмыту үшін жұмысқа беріліп кеткенмін. Бірақ көңілім сен іздейді де тұрады. Қазіргідей заманда да адамдар нәліктен бірге бола алмайды екен....

Бүгін тағы сені көрдім. Қасыңда бір жігіт бар. Екеуің

көңілді көріндіңдер. Бірге суретке түстіңдер. Бірақ ол жігітке маған қарағандай үзіліп қарамайды екенсің. Жанарыңнан байқадым. Сен мені көрмесең де мен сені алыстан ұзақ бақыладым. Ол кім болды екен деп, өзімді жегідей жеп жүрмін, жаным.

Ең алғаш танысқан сәт есімде. Сен мені агент арқылы тауып алдың да біздер жай ғана таныса салдық. Мен қызық болсын деп сені іздеп бардым. Сен сондай әдемі екенсің. Бойың ұзын, шаштарың қандай... Сөз жоқ, көзіме оттай басылды. Жүрегім соғып кетті. Сол күннен бастап менің өмірім өзгеріп сала берді. Ал сен кейін өзің айтқандай мені тіптен де ұнат-

папсың. "Бойың қысқа, түрің де онша емес, саған қалай ғана ғашық болып қалдым екен?" деп күлетінсің. Сағынып жүрмін сені. Қаланың қай бұрышынан кезіктіріп қалар екенмін деп айналама көз салып жүремін. Сағыныш. Сезім. Көктем. Өмір. Гүлім менің...

Өмір деген өтіп жатыр. Ал біздер бірге болып тұрып екі жаққа кеттік-ау. Қанша ғашық болып, сүйіп тұрсақ та бірге тұра алмадық. Кімнен кәні болғанын ажырату мүмкін болмай кетті. Екеуіміз де ақталып, бір-бірімізді тыңдамайтындай халге жеттік. Ақыры ажырастық. Ажырасам да сені ойлаумен келемін. Сенің де мені ұмытпағаныңды сеземін. Сүйіп тұрып, бірге тұра алмайтындар болады екен-ау. Неткен тағдыр. Неткен сынақ бұл.



Жеңісті қолдан бермеген

Бақытжамал 8 сыныпта оқиды. Ол Көкшетау қаласында өткен "Балдәурен" дарынды балаларға арналған оқу-сауықтыру орталығында болып, "Шығармашыл коктейль" үшінші аусым бағдарламасы аясында "Театралдық ФАРС" қойылымдар сайысында "Ең үздік қыз бала" кубогын иеленді. Бақытжамал мәнерлеп оқудан, драмалық қойылымдардан, өлең, шығарма жазу сайыстарынан аудан, облыс, республика көлемінде үнемі жеңімпаз атанып жүр. Оқушымыз он алты облыстан барған 400-ге жуық ең мықты, талантты, жүйрік балаларымен сыңға түссе де жеңісті қолға бермей, өзінің білімділігін көпшілікке

айқындап, сайыстардан 1 орынды иеленіп қайтты. Қазақстанның жас патриоттар академиясының мүшелігіне қабылданып, куәлікпен, медальмен марапатталды. Жазғы демалыс уақытында жас патриоттарға арналған арнайы ұйымға шақыртуға жолдама алды. Ол "сайыстарда бағымды сынағанда жеңіске жетелеуге маған сенім артқан мектебім, ұстаздарым, ата-анам, құрбы-достарым үлкен күш-жігер береді", – деген сөзді көп айтады. Талаптың кемесіне мінген Бақытжамалдай шәкіртке тек сәттілік тілейміз!

Эльмира ДҮЙСЕНБАЕВА,
Ғ.Жұмабаев атындағы
Боровской орта мектебі.
Меңдіқара ауданы.

Ана деген...

Ана... Бар тіршілік осы бір ғана ұғымға сыйғандай. Ана сөзінің аясында асыл, аяулы, ардақты саналатын құдіретті сезімдер тоғысып жататыны әркімге де ақиқат. Аналар әлемі ерекше мейірім шуағына, шұғылалы сезім сәулесіне, даналықтың нұрына толы. Анасыз өмір – тұзсыз ас сияқты. Мен өз анамнан адал, мейірімді, қайырымды болуды үйрендім. Менің анам үйде бізге ақылшы ана, кейде ол қатал ұстаз, кейде жақын құрбы, дос. Біз қуансақ та, ренжісек те анамызбен сырымызды бөлісеміз. Анамыз үнемі көңілімізді тауып, бізге әрқашан көмекші бола біледі.

Менің анам ауылымыздың ақ халатты абзал дәрігері. Күндіз-түні тыным таппай, ауырған адамдардың шақыруымен жүреді. Бір сөзбен айтқанда, менің анам – алтын адам.

Қазіргі кезде көп балалар анасының айтқан сөзін тыңдамайды. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Ана адамда біреу ғана. Біз аналарымызды құрметтеп, сыйлайық, балалар.

Мадияр РАХИМОВ,
3-сынып оқушысы,

Т. Әубәкіров атындағы жалпы негізгі білім беретін мектеп.
Жалғызтал ауылы,
Арқалық қаласы.

Жеңімпаздар

Жасбуын жалпы білім беретін орта мектептің 6-сынып оқушысы Аяқөз Досымханова мен 8-сынып оқушысы Әйгерім Акбарова оқушылардың көктемгі демалыс уақытында өткізілген сайыстарға қатысып қайтты. Бірі Алматы қаласына жол тартса, екіншісі облыстық сайысқа барды. Олар жүлделі орындарды иеленіп, мектеп, ұстаздар мерейін үстем етті. Облыстық "Абай оқулары" байқауына қатысқан А.Досымханова (жетекшісі: Ж.Шоңғалова) "Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда" номинациясында I орынды иеленіп, бағалы сыйлықпен марапатталып, қазақтың Бас ақыны туған жері – Семейге, яғни республикалық сайысқа жолдама алды. Ал, Ә.Акбарова (жетекшісі: Ә.Үсенова) Алматы қаласында өткен республикалық "Жарқын болашақ" қазақ тілі пән олимпиадасына "Жас ғалым" номинациясы бойынша қатысып, жүлделі II орынды иеленіп, бағалы сыйлықтармен оралды. Өзге ұлт өкілі болса да Әйгерімнің қазақ тіліне деген құрметі ерекше, тіпті ата-анасы да оған қазақ есімін берген. Әйгерім өзінің ғылыми жұмысын тума талант, Торғай өңірінен шыққан Қазақ халық әртісі Әнуар Боранбаев атамыздың өмірі мен шығармашылығына арнаған еді. Қос жеңімпазымыз



өздерінің ата-аналарына, ұстаздарына, демеушілік көрсеткен жаны жомарт жандарға алғыстарының зор екенін жеткізді. Біз оларға алар асуларың көп болсын деп, сәттілік тілейміз!

Ералхан ҚАЛИЖАНОВ,
оқушылар ұйымының мәдениет жетекшісі.
Аманкелді ауданы.

"Кодтау сағаты"

Өздеріңіз білесіздер, өткен жылғы желтоқсан айында Қазақстанда халықаралық информатиканы үйрену аптасы аясында "Кодтау сағаты" өткен болатынды. Осы қозғалыс шеңберінде мектебімізде оқушыларға арналған сабақтар болды. Бұл сабақ әр оқушыға өзінің бірінші кодын жазуға, бағдарламалау туралы Ақпараттық жүйелер саласының жетекші мамандарынан (бейне арқылы) естуіне және технологияның қоғамдағы бүгінгі рөлін талқылауларына мүмкіндік туғызды. Науқанның мақсаты оқушыларды XXI ғасырдың негізгі дағдысы – бағдарламалауға қызықтыратын түрде ынталандыру, бағдарламалауды жасына қара-

май әрбір адам үйрене алатынын, оқушыларды бағдарламалаушы жұмысымен таныстырып, болашақ мамандығы ретінде таңдауы мүмкіндігін көрсету. Сабақ онлайн түрінде жүргізілді. Сабақты ең басында оқушылардың көңілдерін аудару үшін түсіндірмелі бейне-ролик hourofcode.kz сайтында көрсетілді. Оқушылар Angry Birds онлайн-жаттығулары өте қызығушылықпен орындады. Онлайн-жаттығулары өте қызықты және оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға бірден-бір септігін тигізеді. Бір сыныптан бірнеше оқушылар барлық тапсырмаларды орындап үлгерді. Оқушылардың барлығы сертификатпен марапатталды.

Қазіргі таңда "кодтау сағаты" өз жалғасын табуда. Осы бағдарламалауға қызығушылық танытқан бірнеше оқушы ұйымдастырушылар ұсынған бағдарламалау тілімен жұмыс жасап, өздерінің алғашқы жобаларын дайындап үлгерді. Бұл бағдарлама – балаларға арналған бағдарламалау тілі (7 жастан бастап) және жобалардың әлеуметтік жүйесі. Ол үйренуге оңай әрі қызықты. Алдағы уақытта басқа да оқушыларды scratch бағдарламасымен жұмыс жасауға қызығушылықтарын арттыру.

Әйгерім ИСАЕВА,
№7 орта мектеп
информатика пәні мұғалімі.
Рудный қаласы.

● ТІЛ ҰСТОРТУ

Жақсы көремін



Менің Қазақстан деген өте сұлу елім бар. Оның көркіне көз тоймайды. Қазақстан табиғаты дегенде ең бірінші Көкшетау жері есіме түседі. Табиғаттың осынша сұлулығына таң қаламын. Анау Оқжетпес тауы, мөлдір Бурабай көлі, "Жұмбақтасы" қандай!

Мен өз елімнің табиғатын сүйемін, оның тауы мен тасын, топырағын, тіпті ауасын да жақсы көремін.

Асылхан ТЕМІРХАН,
3-сынып оқушысы

Т.Әубәкіров атындағы
жалпы негізгі білім
беретін мектеп.

Жалғызтал ауылы,
Арқалық қаласы.

Оригами дегеніміз...

Оригами – желім мен қайшысыз қағаздан бүктеу арқылы түрлі бұйымдар жасау өнері. Сонымен қатар оригами адамның ойлау, байқау, назар қабілеттерін, саусақтарының қимылдауын шынықтырады. Оның шығу тарихы жайында ертүрлі деректер сақталған. Бірақ нақты белгілі болғаны: ол өнер Жапониядан тарады. Олардың сенімі бойынша, қағаздан жасалған бұйымдар сәттілік алып келетін болған екен.

Қарашілік негізгі мектебінің 7-9 сынып оқушылары технология сабақтары мен бос уақыттарында оригами техникасы арқылы тамаша бұйымдар жасайды. Біз көбінесе модульді оригами, яғни шаршы қағаздан жасалған бірнеше кіші бөліктердің бір-біріне кигізіп, үлкен көлемді зат жасау техникасын қолданамыз. Құрбы достарымның жасаған әсем гүлдері, түрлі саңырауқұлақтары, кішкентай кірпі мен ақ қояны, үкі және тағы басқа құс-жануары, өсімдіктердің қағаздан жасалған мүсіндері және құстың төресі – аққудың бейнесі сондай тамаша! Әрине, ең алдымен қазіргі Қазақстанның нышан-символы Бәйтеректің биік фигурасы көзге түседі. Осы бұйымдарды біз мұғаліміміз О.Төнкебаеваның жетекшілігімен жасадық. Оригами өнерімен айналысу бізді шеберлікке, шыдамдылыққа, салмақты болуға, ойлауға және эстетикаға үйретеді деген сенімдемін.

Шынар АХМЕТКАРИМОВА,
9-сынып оқушысы.

Қарашілік ауылы,
Сарыкөл ауданы.

Бөлімді
Гүлназым Сағитова жүргізеді
sagitovaGB@mail.ru



● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ



Махаббат мәңгі ертегі...

Жылда 15 сәуір күні еліміздің бірқатар өңірлерінде жастар арасында "Қозы Көрпеш – Баян сұлу", яғни "Ұлттық ғашықтар күні" аталып өтіледі. 1990 жылдары "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" секілді махаббат символдарының құрметіне белгілі бір күнді мереке ретінде тойлау туралы бастама көтеріп, ол көпшілік тарапынан қолдау тапқан болатын.

Бұл дәстүр әлі де болса үзілген жоқ. Рас, әр дәуірдің өзінің Қозысы мен Баяны болады. "Жас-Ұлан" балалар мен жасөспірімдер орталығы "Жас қалам" жас журналистер және "Тарлан" вокалдық клубтарының ұймыдастыруымен ғашықтар күніне орай қалалық мектеп аралық "Бозбала мен бойжеткен" атты байқауын өткізді. Байқаудың мақсаты – оқушылар арасында ұлттық тәрбиені қалыптастыру, ұл мен қыз баланың арасындағы сыйластық, ибалық, инабаттылық қасиеттерін ұялату. Байқау үш кезең бойынша өтті, олар: "Ғашықтың тілі – тілсіз тіл", ғашықтар жырынан үзінді келтіру, яғни тарихи дастандардан, роман-дардан, қос ғашықтың махаббатын баяндайтын тарихи оқиғаларға негізделген трагедиялық драмалық шығармаларды көрсету, "Білгенге – маржан" сайысында әр жұпқа салт-дәстүр, ұлттық тағамдар жайлы сұрақтар қойылды, ал үшінші кезең үй тапсырмасы "Ана көрген тон пішер", әр жұп өз қиялынан туындаған ұлттық нақыштағы сыйлықтарын бір-бірілеріне табыстауы қажет болатын.

Сайысқа қаладағы 7 мектеп қатысты. Қатысқан барлық мектеп оқушылары өте жоғарғы деңгейде дайындықпен келгендігі сахнада көрсеткен өнерлерінен



көрініп тұрды. Қатысушылардың өнерлерін бағалағандардың құрамында "Ботақан" балалар телестудиясының жеткшісі Г.Оразова, "Нұр-Отан" партиясы Арқалық қалалық филиалының кеңесшісі Б.Даулеткерейұлы, "Жас-Ұлан" балалар мен жасөспірімдер орталығы директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Иванович, осы орталықтың директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары З.Рыс-

келдіқызы болды.

Сонымен сайыс қорытындысы бойынша "Зерделі жұп" номинациясымен №5 орта мектебінен келген Мұхтар Есдаулет пен Әмірбекова Айдана, "Қылықты жұп" Родина орта мектебі Қадыров Мират пен Сағидолла Қымызы, "Көрікті жұп" №10 орта мектебі Бесекеев Жас-ұлан мен Мұқашова Саяжан, "Жарасымды жұп" №8 орта мектебі Әбжан Серікхан мен Тыныштықова Динара иемденсе, жүлделі III-орынды №3 орта мектебінің оқушылары Ереже Дүйсенбай мен Бикет Қалдыгүл, II-орын №4 орта мектебі Әділханов Манарбек пен Шалабаева Назерке, I-орын және "Үздік бозбала мен бойжеткен" атанған №6 орта мектебінің оқушылары Кәкімбек Кәкімжан мен Сальдинова Қайша иемденді.

Қатысқан барлық жұптар арнайы дипломдар мен және шағын сыйлықтармен марапатталды.

Б.МАЖЕНОВ,
"Жас-Ұлан" балалар мен жасөспірімдер орталығы "Жас қалам" жас журналистер клубының жетекшісі.
Арқалық қаласы.

Ән айтып, би билеп...

Мына суреттегі көрікті де көркем кішкене қыз бала Айкүміс Сәбитбекова. Ол қаламыздағы №7 қазақ орта мектебінің 3 "в" сыныбының үздік оқушыларының бірі. Өзі кішкентай болса да мектеп мақтанышы. Айкүміс жақында өткізілген қалалық "Ал, қанеки, көрікті қыздар" сайысында бас жүлдені жеңіп алды. "Орбита" мәдени ошағында өткен іс-шараның мақсаты – кішкентай қыздарымыздың талабын ұштау арқылы, ұлттық салт-дәстүрдің озық үлгілерін насихаттау.

Айкүміс қазылар алқасын табиғи талантымен таңқалдырды. Әсерлі ән айтып, мың бұрала билеп, тіпті қолөнер бұйымдарын жасауда алдына жан салмады. Оның қолынан шыққан дүниелер кез-келген жанды қызықтырады. Осыдан-ақ бала қиялының жүйрік екендігіне еш шүбә келтіруге болмайды.

Айкүмістің қатарластарынан оза шығып, жеңістің тұғырына көтерілетініне ата-анасы мен бауырлары, және сыныптастары шексіз сенді. Айкүміс қызымыз көпбалалы отбасынан шыққан. Ол алты баланың төртіншісі. Оның апалары Жанерке мен Диана педагогикалық колледждің студенттері, ағасы Мақсат, соңынан ерген сіңлілері өзі оқитын мектеп қабырғасында білім алады. Барлығы да үлгілі және өнерлі оқушылар. Айкүміс болашақта білікті де білімді дәрігер болғысы келеді. Сол үшін де теледидардан денсаулықты күту шараларына байланысты телехабарларды



көргенді ұнатады. Бос уақытында би үйірмесіне қатысып, спортпен де айналысады. Осындай баланы тәрбиелеген Ерлан және Роза Смайловтар отбасының бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайтыны байқалады. "Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің" деген осы шығар, сірә!

Индира ЖАЙЛАУБАЕВА,
Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің арнайы пәндердің оқытушысы.

РУХАНИЯТ:

Не, қайда, қашан?

Е. Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының репертуарлық жоспары

Күні	Уақыты	Атауы
16 сәуір	19.00	Светлана Копылованың концерті
19 сәуір	18.30	ҚР Еңбек сіңірген қайраткері А.В. Зарубаның кеші
29 сәуір	18.30	Би фестивалі. Халықаралық би күніне арналған облыстық байқау

Анықтама телефоны: 21-15-82, 54-66-17.

І.Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрының 2016 жылғы сәуір айының репертуарлық жоспары

Күні	Қойылымның аты	Уақыты
15	Е.Киселькова "Аңдардың қыстағы" ертегі, Затобол ауданында	11:00
16	М.Байжиев "Құдалар" трагикомедия	17:00
19	Қазығұл "Міржақып" трагедия	18:30
21	Е.Төлеубай "Ер Сұлтан" драма	18:30
22	Ә.Оразбеков "Бір түп алма ағашы" драма	18:30
23	А.Шаяхметов "Өкініш" трагикомедия	17:00
27	У.Шекспир "Гамлет" трагедия	18:30
28	Л. Арли "Батырлар" ертегі	11:00
29	М.Байжиев "Тіл табысқандар" комедия	18:30

Театр әкімшілігі ескертеді: репертуарлық жоспарда өзгерістер болуы мүмкін.

Анықтама: 54-11-51, 54-39-56 телефон арқылы білудіңізге болады.

"Қазақстан" кинотеатрынан көре аласыздар

"Қаршақыз бен аңшы 2"

"Белоснежка и охотник 2"

Түсірілген: АҚШ, 2016


Режиссері: Седрик Николя-Троян

Актерлер: Крис Хемсворт, Шарлиз Терон, Эмили Блант, Джессика Честейн, Сэм Клаффлин, Колин Морган, Софи Куксон, Ник Фрост, Шеридан Смит, Александра Роуч

Ұзақтығы: 109 минут

Жанры: фэнтези, шытырман, драма,

Жасына қара шектеу қойылған: 12 жасқа дейін.



Жүректегі махаббат оты сөнгенде сұлу қыздың сезімі мұзға айналады. Оған енді ешкім де көмектесе алмай, бойындағы қатыгездікті жеңе алмайды. Тек аңшы жігіт қана одан қорықпай, қарсы тұра алады. Қарғыс шалған орман арқылы өтіп, ол тағдырдың сыйына қарсы шығады.

"Джунгли кітабы"

"Книга джунглей"

Түсірген: АҚШ, 2016

Режиссері: Джон Фавро

Актерлері: Скарлетт Йоханссон, Идрис Эльба, Билл Мюррей, Кристофер Уокен, Джанкарло Эспозито, Ралф Айнсон, Бен Кингсли, Лупита Нионго, Нил Сетхи, Ханна Тойнтон

Ұзақтығы: 96 минут

Жанры: фэнтези, драма, шытырман

Жасына қарай шектеу қойылған: 12 жасқа дейін



Жолбарыс Шерхан мен Мауглидің арасындағы жауластық ұзаққа созылады да, Маугли өзінің қасқырлар арасындағы өмірімен қоштасып, саяхаттауға кетеді. Осы саяхатта ол көптеген достар табады. Пантера Багирамен, Балудың аюмен, Каа атты жыланмен танысады. Енді жабайы баланың өмірі қызыққа толы.

Шынықсаң, шымыр боласың!



ДОДА



“Қостанай таңының” спорт беті

Шахмат

Азияда – үшінші!



Біріккен Араб Әмірліктерінде өткен “Азия ұлттары Кубогы-2016” классикалық чемпионатында қостанайлық гроссмейстер Петр Костен-

ко “қола” жүлдегер атанды. Жарысқа құрылықтың жиырма мемлекетінен келген ерлер және әйелдер командалары қатысты.

Қазақстан туын көтерген қос құрама чемпионаттың үшінші орын-нын жеңіп алды. Ерлер командасы сапында өнер көрсеткен Петр Костенко бес партияның екеуін жеңіспен аяқтады. Әуелі омандық Хамил Муссалемді тізе бүктірісе, артынша афғанстандық Хабибуллах Аминиді мойындатты. Ал өзбекстандық шахматшы Никита Хорошевпен, вьетнамдық Анх Кхой Нгуиенмен және қытайлық Джианчао Жоумен тең ойнады.

Қазақстан құрамасы командалық есепте тек жарыс чемпионы атанған үндістандық шаршы тақта шеберлерінен ғана ұтылып қалды. Жүлделі екінші орынды Қытай шахматшылары еншіледі. Аспан асты елімен біздің құрама 2:2 есебімен тең тарқасқан болатын.

Волейбол



Ұлттық лигада өнер көрсетеді

“Қостанай” командасының волейболшылары А Жоғары тобындағы әйелдер арасында өткен ҚР чемпионатында екінші орынды иеленді.

Жерлестеріміз жартылай финалда “Астана-2” командасымен алаңға шығып, бірінші партияда 25:18 есебімен жеңіске жетті. Ал ойынның екінші бөлігінде қарсыластарға жол берді. Есеп 20:25. Үшінші және төртінші партияларда қостанайлық қыздардың мерейі үстем болды. 25:6, 25:19. Қорытынды есеп – 3:1.

Бұл турнирде бірінші және екінші орын алған командалар енді Ұлттық лигада ойнайтын болады. Чемпионаттың тәжін “Алматыночка” командасы иеленді, ал жерлестеріміз бір ұпай кемдігінен жүлделі екінші орынға тұрақтады.

Үстел теннисі

Көрсеткіш көңіл көншітпеді

Қостанайда үстел теннисінен ер және қыз балалар арасында “Kostanay Masters 12 & under” турнирі аяқталды. Жарыс қаладағы теннис орталығында өткізілді.

Айта кетуіміз керек, турнирге Алматы, Астана, Өскемен, Павлодар, Қарағанды, Ақтөбе, Көкшетау тәрізді еліміздің түкпір-түкпірінен 49 спортшы келіп қатысты. Жарыстың аты айтып тұрғандай, шаршы топта кілең он екі жастағы жасөспірім балғындар сайысты. Айтпақшы, осы негізгі сынға қостанайлық үш теннисші ғана жолдама алды.

Өкінішке қарай, жерлестеріміз үшін бұл турнир өте сәтсіз болды. Мәселен, ер балалар арасында Вячеслав Нагайцев 16 орын алса, қыздар арасында Аруна Сатайбекова – 13-орын, ал Марина Федотова 15-орынды місе тұтты.

– Әрине, жарыста үнемі жүлделі орындар алу үшін түрлі деңгейдегі турнирлерге қатысып отыру шарт. Біздің балалар мұндай жарыстарға өте сирек қатысады. Оған бірнеше себептер бар: қаржы қолбайлайды, үстел теннисіне деген көзқарас ала-бөтен. Оның үстіне балаларды сабақтан босатпайды. Осының бәрі көрсеткішке елеулі нұқсан келтіріп тұр, – дейді Қостанай №2- БЖСМ жаттықтырушысы Олег Ткачев.

Шағын футбол

Ұлт саулығы – ел болашағы

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан – 2050” Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Жолдауында дене шынықтыру мен спортты дамытуға ерекше көңіл бөлу керектігі айтылған.

Саламатты өмір салты – ұлт денсаулығының кілті болып саналады. Халықты спорт нысандарымен қамтамасыз ету іс-шаралары Үкімет пен жергілікті органдарға тапсырылды. Соның нәтижесінде облысқа қарасты аудан, қалаларда аула клубтарының жұмысы қызып, шағын футбол алаңдары іске қосылуда.

Бұқаралық спортты дамыту бағдарламасына қостанайлық “Аруана-2010” ЖШС-нің де қосқан үлесі бар. Жуырда аталған шаруашылық серіктестік шағын футболдан жарыс өткізді. Спорт сайысына кәсіпорынның жұмыскерлері қатысты. Жеңімпаз командалар грамота және арнайы тағайындалған сыйлықтармен марапатталды.

“Аруана-2010” ЖШС ұн өндірісімен айналысады. Кәсіпорын мемлекеттік бағдарламаның орындалуына атсалысумен қатар қайырымдылық іс-шараларына да қатысады. Бұған дейін мешіт пен балалар үйіне көмек көрсеткен болатын. Серіктестік жүзден аса жұмысшыны жұмыспен қамтып отыр.

Бетті әзірлеген Айбек КӘДІРҰЛЫ



Суға жүзу

Зульфияның аты озды

Голландияда суға жүзуден Эйнховен Кубогы үшін өткен халықаралық дода мәреге жетті. Осы байрақты бөсекеде ел намысын қорғаған Зульфия жарыста үш мәрте дүниежүзілік рекордты жаңартты.

Алғашқы сында танымал паралимпиадалық чемпион еркін әдіспен 50 метрлік қашықтықты 45,05 секундта жүзіп өтсе, артынша жартылай финалда 44,17 секундтық рекорд орнатты.

Ел құрамасы Голландияда мына құрамда өнер көрсетті: Наталья Звягинцева, Әнуар Ахметов, Дмитрий Ли, Роман Агалаков, Андрей Афанасьев және Зульфия Габидуллина.

Енді Зульфия Қазақстан намысын 7-18 қыркүйек аралығында Рио-де-Жанейрода өтетін паралимпиадада қорғайтын болады.



Бадминтон

Жасөспірімдер жеңіске жетті

Қостанайлық бадминтоншылар Қарағандыда өткен “Весенние ласточки” турнирінен олжалы оралды. Осымен 39-шы рет өтіп отырған жарысқа 2003-2004, 2005 жылы туған жасөспірімдер қатысты. Олардың ішінде Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай және Қарағанды қаласының намысын қорғауға келген 112 спортшы бар. Тобыл өңірінің өзінен бұл турнирге 11 бадминтоншы қатысқанын айта кеткен жөн.

2003-2004 жылғылар арасында Дарья Моисеенко жұптасып өнер көрсетуде бірінші, ал жекелей сында екінші орынды жеңіп алды. Ал ер балалар арасында Владислав Черников үшінші орынға көтерілді. Ол



көкшетаулық жұптасымен бірге “күміс” жүлдеге қол жеткізді. Жәңгір Ыбыраев пен Александр

Ивановтар “қола” жүлдеге қол жеткізді.

18 сәуір,
дүйсенбі**ҚАЗАҚСТАН**

Профилактика. 17.30 Жаңалықтар. 17.55 Бүгінгі күннің батырлары. 18.05 Менің Қазақстаным. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Серпіліс. 21.05 "Аяулы арман". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.30 "Қыздар". 0.00 Жаңалықтар. 0.50 Футбол. "Сток Сити" - "Тоттенхэм".

ХАБАР

Профилактика. 17.00 Жаңалықтар. 17.15 Т.с. "След". 17.55 Орта-

19 сәуір,
сейсенбі**ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Аяулы арман". 10.50 "Қазына". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 Д.ф. "Жаныңда жүр жақсы адам". 13.00 Бірге таңдаймыз. 16.00 Концерт. 16.40 "Жүрегім сізге аманат". 17.30 Жаңалықтар. 18.15 Қылмыс пен жаза. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Аяулы арман". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.30 "Қыздар". 0.00 Жаңалықтар. 0.50 "Қазына".

ХАБАР

7.00 Айтұмар. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 Магия кухни. 11.45 М.ф. 11.45 "Әр үйдің сыры басқа". 12.15 Т.х. "Зәуре". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.10 "Катина любовь". 15.00 Новости. 15.10 "Ғашық жүрек". 16.00 Жаңалықтар.

20 сәуір,
сәрсенбі**ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Аяулы арман". 10.50 "Қазына". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 "Жаныңда жүр жақсы адам". 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.40 "Жүрегім сізге аманат". 17.30 Жаңалықтар. 18.05 Жарқын бейне. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Аяулы арман". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.30 "Қыздар". 0.00 Жаңалықтар. 0.50 "Қазына".

ХАБАР

7.00 Айтұмар. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 Магия кухни. 11.45 "Әр үйдің сыры басқа". 12.15 "Зәуре". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.10 "Катина любовь". 15.00 Новости. 15.10 "Ғашық жүрек". 16.00 Жаңалықтар.

21 сәуір,
бейсенбі**ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Аяулы арман". 10.50 "Қазына". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 "Жаныңда жүр жақсы адам". 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.40 "Жүрегім сізге аманат". 17.30 Жаңалықтар. 18.15 Табыс сыры. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Аяулы арман". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.30 "Қыздар". 0.00 Жаңалықтар. 0.50 "Қазына".

ХАБАР

7.00 Бұйымтай. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 Магия кухни. 11.45 "Әр үйдің сыры басқа". 12.15 "Зәуре". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.10 "Катина любовь". 15.00 Новости. 15.10 "Ғашық жүрек". 16.00 Жаңалықтар. 16.15 Біздің үй. 17.00 Новости. 17.15 "След". 17.55 Тағдыр жолы. 18.40

Апталық телебағдарлама

лық Хабар. 19.00 ТВ Бинго. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Арнайы Хабар. 21.00 Итоги дня. 21.30 Т.с. "Осколки". 22.20 "След". 23.00 Бетпе-бет. 23.30 Жаңалықтар. 0.05 "Сотқа жеткізбей".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

Профилактика. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Даму дінгектері. 18.30 Новости. 19.00 Д.ф. "Ж. Аймауытов". 19.30 Первая студия. 20.00 Әуендер өлемі. 20.30 Жаңалықтар. 21.10, 22.10 Телемаркет. 21.30 Новости. 22.15 Т.с. "Опережая выстрел". 23.05 "Жедел жәрдем". 0.00 Жаңалықтар.

16.15 Біздің үй. 17.00 Новости. 17.15 "След". 17.55 Линия судьбы. 18.30 Т.х. "Бажалар". 19.05 "Зәуре". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Бюро расследований. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Осколки". 22.20 "След". 23.00 Бетпе-бет. 23.30 Арнайы Хабар. 0.05 Жаңалықтар.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

